

# **ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ**

**«Мақтаарал ауданы бойынша жергілікті атқарушы органдары қызметінің  
және аудан бюджетінің жоспарлануымен атқарылу тиімділігінің  
мемлекеттік аудиті» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің  
нәтижелеріне  
АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ**

**ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ  
2026 ЖЫЛ**

## МАЗМҰНЫ

### I. Кіріспе бөлік

- 1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы
- 1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты
- 1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері
- 1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең

### II. Негізгі (талдамалық) бөлік

- 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері
- 2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)

### III. Қорытынды бөлік

- 3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар
- 3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар
- 3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар

#### 3.4. Қосымша:

- 1) Аудиторлық іс-шара барысында анықталған жүйелі кемшіліктердің жиынтық кестесі;
- 2) Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі;
- 3) «Мақтаарал ауданы бойынша жергілікті атқарушы органдары қызметінің және аудан бюджетінің жоспарлануымен атқарылу тиімділігінің мемлекеттік аудиті» мемлекеттік аудиттің қорытындысы бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар тізбесі 9 парақта (*№3-1 қосымша*);
- 4) Мемлекеттік аудит барысында қалпына келтірілген, өтелген қаржылар туралы, сондай-ақ көрілген тәртіптік шаралар туралы мәліметтер 11 парақта (*аудиторлық қорытындыға №1 қосымша*);
- 5) Аудиторлық іс-шараның қорытындысымен әкімшілік іс жүргізуді қозғау үшін уәкілетті органдарға жолданған 25 материалдар туралы, сондай-ақ уәкілетті органдармен қабылданған шаралар бойынша мәліметтер 7 парақта (*аудиторлық қорытындыға №2 қосымша*).

**«Мақтаарал ауданы бойынша жергілікті атқарушы органдары қызметінің және аудан бюджетінің жоспарлануымен атқарылу тиімділігінің мемлекеттік аудиті» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелеріне**  
**АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ**

**I. Кіріспе**

**1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы:** Мақтаарал ауданы бойынша жергілікті атқарушы органдары қызметінің және аудан бюджетінің жоспарлануымен атқарылу тиімділігінің мемлекеттік аудиті.

**1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты:**

Мақтаарал ауданы бюджетінің жоспарлануымен орындалу тиімділігін және мемлекеттік аудит объектілері қызметінің тиімділігін бағалау.

**1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері:**

«Мақтаарал аудандық мәслихатының аппараты» ММ, «Мақтаарал ауданы әкімінің аппараты» ММ, «Мақтаарал ауданының «Атакент кенті әкімінің аппараты» ММ, «Мақтаарал ауданының «А.Қалыбеков ауылдық округі әкімі аппараты» ММ, «Мақтаарал ауданының «Бірлік ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, «Мақтаарал ауданының «Достық ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, «Мақтаарал ауданының «Еңбекші ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, «Мақтаарал ауданының «Жамбыл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, «Мақтаарал ауданының «Жаңажол ауылдық округі әкімі аппараты» ММ, «Мақтаарал ауданының «Иіржар ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, «Мақтаарал ауданының «Мақтаарал ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, «Мақтаарал ауданының «Мырзакент кенті әкімінің аппараты» ММ, «Мақтаарал ауданының «Ж.Нұрлыбаев ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, «Мақтаарал ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ, «Мақтаарал ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Замандастар және Тен Qogam» Әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» КММ, «Мақтаарал ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Мейірім-Шапағат» күндіз болу орталығы» КММ, «Мақтаарал ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Отбасын қолдау орталығы» КММ, «Мақтарал ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Мақтаарал мүгедек балаларды оңалту орталығы» КММ, «Мақтаарал ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ, «Мақтаарал ауданының ішкі саясат бөлімі» ММ, «Мақтаарал ауданының ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ, «Мақтаарал ауданының әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ, «Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Тілдерді оқыту және дамыту орталығы» КММ, «Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мақтаарал аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ, «Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене

шынықтыру және спорт бөлімінің «Мырзакент спорт клубы» КММ, «Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мақтаарал» футбол клубы» КММ, «Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мақтаарал мәдениет үйі» МКҚК (бұдан әрі – «Мақтаарал аудандық мәдениет үйі» МКҚК) (үстеме тексеру), «Мақтаарал ауданының экономика және қаржы бөлімі» ММ, «Мақтаарал ауданының жер қатынастары бөлімі» ММ, «Мақтаарал ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» ММ, «Мақтаарал ауданының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ, «Мақтаарал ауданы әкімдігі «Мырзакент-Қызмет» КММ.

**1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең:** 01.01.2023 – 31.12.2025 жыл аралығы.

## **II. Негізгі (талдамалық) бөлік:**

### **2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау:**

Тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит объектілерінің 2026 жылға арналған тізбесіне сәйкес «Мақтаарал ауданы бойынша жергілікті атқарушы органдары қызметінің және аудан бюджетінің жоспарлануымен атқарылу тиімділігінің мемлекеттік аудиті» сыртқы мемлекеттік аудит іс-шарасы аясында, Түркістан облысының Мақтаарал ауданындағы 32 аудит объектілеріне (оның ішінде мемлекеттік мекеме - 22, коммуналдық мемлекеттік мекеме - 9, мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын - 1 (үстеме тексеру) 2026 жылдың жылдың 09 ақпаны мен 03 сәуір аралығында тиімділік, сәйкестік аудиті жүргізілді. Аудан құрамына 11 (Атакент, Ж.Нұрлыбаев, Жанажол, А.Қалыбеков, Жамбыл, Иіржар, Мақтаарал, Мырзакент, Достық, Еңбекші, Бірлік) ауылдық округтері кіреді.

Аудан орталығы – Мырзакент кенті.

Мақтаарал ауданының негізгі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерін талдау барысында 2025 жылға арналған статистикалық мәліметтерге сәйкес, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, экономиканың нақты секторы, әлеуметтік саланың негізгі көрсеткіштері қамтылды.

Мақтаарал ауданының негізгі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің 2025 жылы орындалуы төмендегідей:

Мақтаарал ауданының 2025 жылғы жалпы өңірлік өнімі 165 706,5 млн теңгені құрап, өткен жылдармен салыстырғанда (2024ж 131 952,0 млн. теңге), (2023ж 139 158,6 млн. теңге)

Халық саны 127 412 адамды құрап (2024 жылы 129 047 адам), (2023ж 129 750 адам) өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда халық саны 1 635 адамға кеміген.

2025 жылы Мақтаарал ауданы бойынша жалпы өндірілген өнеркәсіп өнімінің көлемі 24 562,5 млн. теңгені құрап, өткен жылдармен салыстырғанда нақты көлем индексі 104,4 % құраған. (2024ж 20152,4 млн.тг), (2023ж 25 748,7 млн.тг).

2025 жылы аудан бойынша ауыл шаруашылықтың жалпы өнім көлемі 85 740,5 млн. теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда

нақты көлем индексі 95,8 құраған.(2024ж 80652,0 млн.тг), (2023ж 90 108,7 млн.тг).

2025 жылы негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 56 445,0 млн. теңгені құраған, оның ішінде республикалық бюджеттен 13 882,1 млн. теңге, жергілікті бюджеттен 4 039,0 млн. теңге, жеке сектор есебінен 26 678,9 млн. теңге, шетелден тартылған инвестиция 11 845,0 млн.теңге.

2025 жылы тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 13 833 бірлікті құраған. Ондағы жұмыспен қамтылғандар саны 16304 адам.

2025 жылы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерімен өндірілген өнім (тауарлар, қызмет көрсетулер) көлемі 114 383 млн.теңге, бұл көрсеткіш өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 161,5%-ды құраған.

Бөлшек сауда тауар айналымының көлемі 2025 жылы 11872,4 млн. теңге, бұл көрсеткіш өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 123,1 пайызға орындалған.

Аудандағы жұмыссыздық деңгейі 2025 жылы 4,7% құраған.

2025 жылы тіркелген қылмыстардың саны 154 бірлік немесе 2024 жылмен (204) салыстырғанда 50 қылмысқа кеміген немесе 32,4 пайызға төмендеген.

***Негізгі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің өткен жылдармен салыстырғандағы қарқыны.***

Мақтаарал ауданының әлеуметтік экономикалық даму көрсеткіштері бойынша жалпы өңірлік өнім (ЖӨӨ) көлемі 2025 жылы 165 706,5 млн. теңгені құрады. Бұл көрсеткіш 2024 жылмен салыстырғанда 25,5 %-ға артқан. Адам басына шаққандағы ЖӨӨ 2025 жылы 1 300,6 мың теңгені құраған.

Мақтаарал ауданының жалпы өңірлік өніміндегі салалық құрылым бойынша 2025 жылғы өнеркәсіп саласының үлесі 2024 жылға қарағанда 21,8%-ға өсті, бөлшек сауда айналымы көлемінің үлесі 123,1%-ға, құрылыс жұмыстары көлемінің үлесі 156,5 %-ға, ауыл шаруашылығы саласының үлесі 106,3%-ға артқан.

Ал, аудандағы халық саны 127 412 мың адамды құрап, 2024 жылмен (129 407) салыстырғанда 1,2 %-ға азайды.

Өнеркәсіп өнім өндірісінің көлемі (өнім көлемінің индексі) 2025 жылы 24562,4 млн.теңгені (104,4%) құрады. Нақты көлем индексі 2024 жылы 88,2%-ды құраса, яғни 2025 жылы 16,2%-ға кеміген. 2025 жылы облыстық көрсеткіш 1 596 057 541 млн.теңге болып, 2025 жылы аудандық көрсеткіштің облыстық көрсеткішіне үлесі 1,5%-ды құраған.

Ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі (өнім көлемінің индексі) 2025 жылы 85 740,5 млн. теңгені (107,6%) құрады. Нақты көлем индексі 2024 жылы 103,2%-ды құрап, 2025 жылы 4,4%-ға артты. 2025 жылы облыстық көрсеткіш 1 226 010,7 млн.теңге болып, 2025 жылы аудандық көрсеткіштің облыстық көрсеткішіне үлесі 6,9%-ды құраған.

Негізгі капиталға инвестиция 2025 жылы 56 445,0 млн. теңгені құрады. Бұл көрсеткіш 2024 жылы 46 578,2 млн.теңгені құраса, яғни 2025 жылы 9 866,8 млн. теңгеге немесе 21,1%-ға артып отыр. 2025 жылы облыстық

көрсеткіш 1 745 584,7 млн.теңге болып, 2025 жылы аудандық көрсеткіштің облыс көрсеткішіне үлесі 3,2%-ды құраған.

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2025 жылы 13 833 бірлікті құрап, 2024 жылмен (13 541) салыстырғанда 292 бірлікке артты. Онда жұмыспен қамтылғандары 2025 жылы 16,2 мың адамды құраған немесе 2024 жылмен салыстырғанда бір деңгейде. 2025 жылы облыстық көрсеткіш 214 958 адам болып, 2025 жылы аудан көрсеткішінің облыс көрсеткішіне үлесі 6,4%-ды құраған.

Шағын және орта кәсіпкерліктегі субъектілерінің өнім шығарылымы (тауарлар, қызмет көрсетулер) 2025 жылы 9-айға 114 383 млн.теңгені құрады немесе 2024 жылмен (70 816 млн.теңге) салыстырғанда 43 567 мың теңгеге азайып отыр. 2024 жылы облыстық көрсеткіш 2 635 285,0 млн.теңге болып, 2024 жылы аудандық көрсеткіштің облыстық көрсеткішіне үлесі 4,1%-ды құраған.

Сауда айналымының көлемі 2025 жылы 27 599,2 млн. теңгені құрады, 2024 жылмен (14 545,3) салыстырғанда 89,7%-ға артты. 2025 жылы облыстық көрсеткіш 908 806,4 млн.теңге болып, аудандық көрсеткіштің облыстық көрсеткішіне үлесі 3,0%-ды құраған.

2025 жылы жалпы жұмыспен қамтылғандар саны 7 309 болатын болса,оның ішінде уақытша субсидияланған жұмыс орындарына жолданғандар саны 2 919, тұрақты жұмысқа жолданған азаматтар 4 390.

2024 жылы жалпы жұмыспен қамтылған халық саны 5 864 болса,оның ішінде уақытша субсидияланған жұмыс орындарына жолданғандар саны 2 337,тұрақты жұмысқа жолданғандар 3 527 адам.

Жұмыссыздық деңгейі 2025 жылы 4,7%-ды құрап, 2024 жылмен (4,9%)

Орташа айлық жалақы 2025 жылы 271 282 теңгені құрап 2024 жылмен (258835) салыстырғанда 4,8%-ға артқан. 2025 жылы облыстық көрсеткіш 288 690 теңге болып, аудандық көрсеткіш облыстық көрсеткішіне үлесі 17 400 теңгеге кеміген.

Орта есеппен халықтың жан басына шаққандағы күнкөрістің ең төменгі деңгейі 2025 жылы 58 111 теңгені құрады. Бұл көрсеткіш 2024 жылмен (48 427) салыстырғанда 9 684 мың теңгеге немесе 20%-ға артқан.

Мектепке дейінгі ұйымға кіретін балалардың орынмен қамтылуы 2025 жылы 99,6%-ды құраса, 2024 жылмен (99,7%) салыстырғанда бір деңгейде сақталған.

Құрылыс жұмыстары қызметтерінің жалпы көлемі 2025 жылы 27 804,3 млн. теңгені құрап, 2024 жылмен (16 602,3) салыстырғанда 67,4 %-ға артқан. 2025 жылы облыстық көрсеткіш 645 256,5 млн.теңге болып, 2025 жылы аудандық көрсеткіштің облыстық көрсеткішіне үлесі 4,3 %-ды құраған.

2025 жылғы тіркелген қылмыстардың саны 154 бірлікті құрап, 2024 жылмен (204) салыстырғанда 50 қылмысқа немесе 32 % азайған.

Жүргізілген талдау қорытындысы бойынша салаларда өсу қарқыны байқалады, әлі де болса ауданда ішкі ресурстарды тиімді пайдаланылып, потенциалдық мүмкіндіктерді жоғарылатуды талап етеді.

## **2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері**

Аудиторлық іс-шарамен жалпы 32 аудит объектілерінде барлығы 45 920 366,6 мың теңге (2023 жылы – 6817,6 мың теңге, 2024 жылы – 19 885 177,0 мың теңге, 2025 жылы -19 217 555,0 мың теңге) қамтылды.

Жалпы аудитпен (27 аудит объектілерінде) – **45 107 150,5 мың теңгені** құрайтын (бюджетке түсетін түсімдер, өтеуге, қалпына келтіруге жататын қаржылық, тиімсіз жоспарлау мен тиімсіз пайдалану бойынша) бұзушылықтар анықталды (жалпы қамтылған қаржының 98,2 %).

Оның ішінде:

- барлық қаржылық бұзушылықтар **14 810 806,3 мың теңгеге** (қалпына келтірілуге жататын қаржы көлемі **14 659 363,2 мың теңге**, өтелуге жататын қаржы көлемі **151 443,1 мың теңге**) 22 аудит объектісінде;

- тиімсіз жоспарланған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы **30 116 681,0 мың теңгеге** 8 аудит объектісінде;

- тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы **179 663,2 мың теңгеге** 10 аудит объектісінде;

Жалпы аудиторлық іс-шара барысында қаржылық бұзушылықтар бойынша барлығы қалпына келтіруге жататын **14 659 363,2 мың теңгенің 14 488 261,8 мың теңгесі қалпына келтіріліп**, өтелуге жататын **151 443,1 мың теңгенің 55 238,4 мың теңгесі** (оның ішінде бюджет қаражатын пайдалану кезінде анықталған қаржылық бұзушылықтар бойынша **55 238,4 мың теңге**) өтелген.

Сондай-ақ, **рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар 110 бірлікті құрады**. (оның ішінде бюджет заңнамасының бұзушылықтары – 43, бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезінде заңнама бұзушылықтары – 32, құрылыс және қала құрылысы саласындағы заңнаманы бұзушылықтар – 12, өзге де салалық заңнама бұзушылықтары – 23).

Бұдан бөлек, 27 әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар материалдар анықталды.

**Аудит қорытындысымен бюджет қаражатын пайдалану кезінде анықталған өтелуге жататын қаржылық бұзушылықтар туралы.**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V ҚРЗ Еңбек кодексінің (әрі қарай – Еңбек кодексі) 79 бабының 1-тармағында жұмыс беруші жұмыскердің нақты жұмыс істеген жұмыс уақытын есепке алуды жүргізуге міндетті делінсе, осы кодекстің 103 бабының 1-тармағында жұмыскердің айлық жалақысының мөлшері жұмыскердің біліктілігіне, орындалатын жұмыстың күрделілігіне, санына және сапасына, сондай-ақ еңбек жағдайларына қарай сараланып белгіленеді. Айлық жалақының мөлшері ең жоғары мөлшермен шектелмейді. Жалақы жұмыскерге жұмыс уақытын есепке алу бойынша жұмыс берушінің құжаттарында есепке алынған нақты жұмыс істеген уақыт үшін төленеді төленеді, 106-бабы 2-тармағында Жұмыс уақытын жиынтық есепке алу кезінде еңбекке ақы төлеу ауысымдық кесте (вахталар кестесі) бойынша нақты жұмыс істеген жұмыс сағаттарының саны бойынша жүргізіледі. Бұл ретте жалақыны есептеу тиісті күнтізбелік жылға арналған жұмыс уақыты балансына сәйкес тарифтік мөлшерлеме (лауазымдық

айлыққа) және жұмыс уақытының айлық нормасы негізге алына отырып есептелген сағаттық тарифтік мөлшерлеме бойынша жүргізіледі делінген.

**1-тармақ.** Алайда, аудит жүргізу барысында **15 мекемеде еңбек ақыға нақты төленуі тиіс қаржыдан бөлек мекеме қызметкерлеріне 53299,7 мың теңге еңбек ақыдан артық қаржы аударылғандығы анықталды.** Атап айтқанда:

-«Мақтаарал ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің "Мейірім-Шапағат" күндіз болу орталығы» КММ-де 18849,1 мың теңге;

-«Мақтаарал ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Отбасын қолдау орталығы» КММ-де 76,8 мың теңге;

-«Мақтаарал ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Мақтаарал мүгедек балаларды оңалту орталығы» КММ-де 22,1 мың теңге;

-«Мақтаарал ауданының «Достық ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-де 22,8 мың теңге;

-«Мақтаарал ауданының «Мырзакент ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-де 158,1 мың теңге;

-«Мақтаарал ауданының ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ-де 200,1 мың теңге;

-«Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мақтаарал» футбол клубы» КММ-де 56,2 мың теңге;

-Мақтаарал ауданының «А.Қалыбеков ауылдық округі әкімі аппараты» ММ-де 27457,7 мың теңге;

-«Мақтаарал ауданының жер қатынастары бөлімі» ММ-де 99,0 мың теңге;

-«Мақтаарал ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ-де 133,0 мың теңге;

-«Мақтаарал ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» ММ-де 147,5 мың теңге;

-«Мақтаарал ауданының «Мақтаарал ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-де 2290,1 мың теңге;

-«Мақтаарал ауданының «Иіржар ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-де 31,4 мың теңге;

- «Мырзакент-Қызмет» КММ-де 3708,5 мың теңге;

- «Мақтаарал аудандық мәслихатының аппараты» ММ-де 47,3 мың теңге;

Осылайша, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесінің 215-тармағының талаптары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысымен бекітілген жүйесінің 6 тармағы 2) тармақшасының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 12 мамырдағы №223 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының» 224-тармағының

талаптары, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 30 мамырдағы №272 бұйрығымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесінің 228-тармағының 2) тармақшасының талаптары сақталмаған.

**2-тармақ.** Сондай-ақ, аудит жүргізу барысында 4 мекемеде мекеме қызметкерлеріне іс-сапар шығындарына **4547,9 мың теңгеге артық аударылғандығы анықталды.** Атап айтқанда:

-«Мақтаарал ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Мақтаарал мүгедек балаларды оңалту орталығы» КММ-де 104,5 мың теңге;

-«Мақтаарал ауданының ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ-де 117,1 мың теңге;

-Мақтаарал ауданының «А.Қалыбеков ауылдық округі әкімі аппараты» ММ-де 4250,5 мың теңге;

-Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мақтаарал аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» мемлекеттік мекемесі КММ-де 75,8 мың теңге;

Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 15 наурыздағы №171-VII Бюджет кодексінің 130-бабы 1-тармағы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 12 мамырдағы №223 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының» 209 тармағы және ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы» бекітілген № 256 қаулысының 2 тармағының талаптары, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының» 172 тармағының талаптары сақталмаған.

***Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген мамандарға тұрғын үй сатып алу үшін берілген бюджеттік кредиттерді қайтару бойынша 7407,5 мың теңге берешек қалыптасқан қаржылық бұзушылықтар туралы***

**3-тармақ.** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 06 қарашадағы №72 бұйрығымен бекітілген Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну қағидаларына *(бұдан әрі - Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну қағидалары)* сәйкес, ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген мамандарға теңгемен он бес (15) жылға дейінгі мерзімге 0,01 % мөлшеріндегі жылдық сыйақы мөлшерлемесі бойынша тұрғын үй сатып алуы немесе салуы үшін кейіннен ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау,

білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне бере отырып, кредиттік шарттар жасасу арқылы беріледі.

Сонымен бірге бюджеттік кредиттер өз кезегінде - Бюджет кодексі, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» №148 Заңы және Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесі басшылыққа алынып, жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке кредит беру, пайдалану, оған қызмет көрсету және өтеу бойынша тараптар арасындағы қарым-қатынастарды көздей отырып, облыстық бюджеттен аудандық бюджетке мамандарды қолдау шараларын ұйымдастыру үшін қайтарымды негізде берілген.

Бұл орайда, мамандар тарапынан алынған кредит сомаларының уақтылы төлем жасамауы (қайтармауы) жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджеттен алынған бюджеттік кредиттерді өз уақытында, тиісінше қайтаруына кедергі тудыруы мүмкін.

Яғни, бюджеттік кредиттерді үлестіру, оны төлемге сәйкес мамандардан өтеу және жоғары тұрған бюджетке қайтару – тұтас бір жүйені қалыптастырады.

Аталған рәсімдерді (кредиттерді қайтару) тиісінше орындамау өз кезегінде Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес тиісті жауаптылыққа тарту көзделген.

Аудитпен қамтыған кезең аралығында 2023 жылы 92 маманға бюджеттік кредит, 264 маманға көтерме жәрдем ақы, 2024 жылы 126 маманға бюджеттік кредит, 399 маманға көтерме жәрдем ақы және 2025 жылы 90 маманға бюджеттік кредит, 323 маманға көтерме жәрдем ақы берілген.

Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну қағидаларына сәйкес, бюджеттік кредиттер келісім шарт жасасу арқылы 0,01 % мөлшеріндегі жылдық сыйақы мөлшерлемесі бойынша (15) он бес жыл мерзімге қайтарымды негізде берілген.

Демек әлеуметтік қолдауға ие болған маман алынған кредиттерді ай сайынғы төлем кестесіне сәйкес өтеуге міндеттелген.

Аудит жүргізу барысында, **459 018 «Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер»** бюджеттік бағдарламасы 159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша 2024 жылы несиені берілген мамандардың 6 мамандары бойынша несиені уақтылы төлемеу салдарынан (90 күннен асқан) жалпы өтелмеген қарыз **4 697,9** мың теңгені құралған (оның ішінде негізгі қарызы 4 183,1 мың теңге, сыйақы 1,7 мың теңге, өсімпұлы 513,1 мың теңге) **берешек қалыптасқан болса**, 2025 жылы несиені берілген мамандардың 6 мамандары бойынша несиені уақтылы төлемеу салдарынан (90 күннен асқан) жалпы **2 340,0** мың теңге құраған (оның ішінде негізгі қарызы 1 811,2 мың теңге, сыйақы 1,9 мың теңге, өсімпұлы

5526,9 мың теңге) берешек қалыптасқан, яғни келісім шарттың кестесіне сәйкес мамандар тарапынан тиісті төлемдер жасалмаған.

Аталған мәселе аясында бюджет қаражатын тиімді, жүйелі түрде атқарудың басты шарттарының бірі - мамандарға берілген бюджеттік кредиттердің өз уақытында төлем жасауын қадағалау, оған мониторинг жасау, тиісті шаралар қолдану болып табылады.

Бұдан бөлек, **459 018 «Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер»** бюджеттік бағдарламасы бойынша ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген мамандарға берілген бюджеттік кредиттер сомасынан жалпы **369,6** мың теңге (қысқа мерзімді өтелмеген қарыздар), оның ішінде 2023 жылдың шілде айынан бастап 239,3 мың теңге, 2024 жыл қорытындысымен 119,5 мың теңге, 2025 жылдың қорытындысымен 10,8 мың теңге берешек қалыптасқан. Яғни келісім шарттың кестесіне сәйкес мамандар тарапынан тиісті төлемдер жасалмағаны анықталды.

Бұл орайда, жергілікті уәкілетті орган тарапынан берілген кредиттерді уақытылы өтеуін, мамандармен жасалған келісім шарт талаптарының орындалуын қамтамасыз етпей немесе талап етпей, тиісті шаралар қабылданбаған.

Аталған мәселе аясында бюджет қаражатын тиімді, жүйелі түрде атқарудың басты шарттарының бірі - мамандарға берілген бюджеттік кредиттердің өз уақытында төлем жасауын қадағалау, оған мониторинг жасау, тиісті шаралар қолдану болып табылады.

Осылайша, Қазақстан Республикасының *(сол кезде қолданыста болған)* 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» 4-бабы 10), 12), 13) тармақтарының және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 6 қарашадағы «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және қағидаларын бекіту туралы» №72 бұйрығының 4-қосымшасы, 2-бөлігі 2.1-тармағының 1) тармақшасының талаптары сақталмаған.

**4-тармақ. Аудит объектісінде сарапшылардың сараптамалық қорттындысы негізінде анықталған өтелуге жататын қаржылық бұзушылықтар 86188,0 мың теңгені құраған.**

«Мақтаарал ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты объектілер бойынша бекітілген сметадағы жұмыстарды артығымен орындау *(сметалық құны шеңберінде алу-қосу актілерін жасамай)* салдарынан мына төмендегіше қаржылық бұзушылықтар анықталған.

*«Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Жамбыл а/о, Жалын е/м мәдениет үйі және кітапхана құрылысы» нысаны;*

*Бюджетке өндіруге – 48 874 775 теңге;*

*«Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мақтарал ауылдық округі, Өркениет елді мекенінде дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы» нысаны*

*Бюджетке өндіруге – 37 313 184 теңге;*

Яғни, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі №242 Заңымен бекітілген міндеттерін және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің «Бюджет қаражаты және мемлекеттік инвестициялардың өзге де нысандары есебінен объектілерді салуға арналған жобаларды (техникалық-экономикалық негіздемелерді және жобалау-сметалық құжаттаманы) бекіту қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 2 сәуірдегі №304 бұйрығының 3-тарау 16 тармақ талаптарын сақталмаған.

*Аудит қорытындысымен бюджет қаражатын пайдалану кезінде анықталған қалпына келтіруге жататын қаржылық бұзушылықтар туралы.*

5-тармақ. Сонымен қатар, аудит жүргізу барысында 4 мекемеде мекеме қызметкерлеріне төленуі тиіс еңбек ақы және бонус есептелуіне 3083,1 мың теңгеге кем аударылғандығы анықталды. Атап айтқанда:

-«Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мақтаарал» футбол клубы» КММ-де 2,7 мың теңге;

-«Мақтаарал ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ-де 183,1 мың теңге;

-«Мақтаарал ауданының жер қатынастары бөлімі» ММ-де 11,3 мың теңге;

-«Мақтаарал ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» ММ-де 2886,0 мың теңге;

Бұл ретте, сол кезде қолданыста болған Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 15 маусымдағы №281 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп шоттарының жоспарының 26 тармағының және ҚР Қаржы министрінің 03.08.2010 жылғы №393 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларына 176 тармағының талаптары сақталмаған.

Сондай-ақ, сол кездегі қолданыста болған 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 97-бабы 6-тармағы, 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 103-бабы 1-тармағы, 106-бабы 2-тармағы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №

540 бұйрығымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесінің 215-тармағының талаптары сақталмаған.

**6-тармақ.** *Аудит объектісінде сарапшылардың сараптамаалық қортындысы негізінде анықталған қалпына келтіруге жататын қаржылық бұзушылықтар 108 454,7 мың теңгені құраған.*

«Мақтаарал ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты объектілер бойынша бекітілген сметадағы жұмыстарды орындамау салдарынан мына төмендегіше қаржылық бұзушылықтар анықталған.

*«Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Жамбыл а/о, Жалын е/м мәдениет үйі және кітапхана құрылысы» нысаны;*

2020 жылғы I тоқсандағы ағымдағы бағамен жасалып, сметалық құны шеңберінде алу-қосу актілерін ескере отырып отырып: *Бекітілген сметадағы орындалмаған жұмыстар - 6 470 713 теңге қалпына келтіруге жатады.*

*«Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мақтарал ауылдық округі, Өркениет елді мекенінде дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы» нысаны;*

2020 жылғы ағымдағы бағамен 01.07.2020ж. жасалып, сметалық құны шеңберінде алу-қосу актілерін ескере отырып: *Бекітілген сметадағы орындалмаған жұмыстар - 15 388 716 теңге қалпына келтіруге жатады.*

*«Мақтаарал ауданы, Мырзакент орталық саябағын қайта құру» (түзету) нысаны;*

2022 жылғы ағымдағы бағамен жасалып, сметалық құны шеңберінде алу-қосу актілерін ескере отырып: *Бекітілген сметадағы орындалмаған жұмыстар -86 595 301 теңге қалпына келтіруге жатады.*

Яғни, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі №242 Заңымен бекітілген міндеттерін және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің «Бюджет қаражаты және мемлекеттік инвестициялардың өзге де нысандары есебінен объектілерді салуға арналған жобаларды (техникалық-экономикалық негіздемелерді және жобалау-сметалық құжаттаманы) бекіту қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 2 сәуірдегі №304 бұйрығының 3-тарау 16 тармақ талаптарын сақталмаған.

***Аудит 13 объектілерінде бухгалтерлік есепті жүргізу кезінде анықталған қаржылық бұзушылықтар 14 547 825,4 мың теңгені құраған.***

Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының талаптарына сәйкес, қаржы жағдайы, қаржы жағдайындағы өзгерістер мен қызмет нәтижелері туралы толық және анық ақпарат беру бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің мақсаты болып табылса, мемлекеттік мекеменің бас бухгалтері барлық жүзеге асырылатын шаруашылық операцияларының бухгалтерлік есеп шотында көрінуі мен бақылануын, шұғыл операцияның ұсынылуын, қаржы есептілігінің белгіленген мерзімде жасалуын қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ, Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік қызметтер мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілігі саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасының сақталуын, қаржыландыру жоспарының орындалу барысын, ұйымдармен, мемлекеттік мекемелермен және тұлғалармен есеп айырысудың жағдайын, ақша қаражаты мен материалдық құндылықтардың сақталуын бақылау үшін толық және нақты ақпаратпен мемлекеттік мекемелерді қамтамасыз етуі тиіс.

Ал, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 01 тамыздағы №468 бұйрығымен бекітілген Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларында *(бұдан әрі – Қаржылық есептілік*

нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидалары), қаржылық есептілікті жасау кезінде мынадай:

- есепті кезеңдегі барлық операциялардың толық және шын мәнінде көрініс табуы;

- кірістер мен шығыстардың есепті кезеңдерге жатқызылуының дұрыстығы;

- талдамалық есепке алу деректерінің есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың бірінші күніне синтетикалық есепке алу шоттары бойынша айналымдар мен қалдықтарға тең болуы;

- көрсеткіштердің ұқыпты толтырылуы және өшірулер мен бояуларға жол берілмеу талаптары сақталуы тиіс. Қателер түзетілген жағдайда түзету күнін көрсете отырып, қаржылық есептілікке қол қойған тұлғаның растауымен тиісті жазбалар жасалатыны айтылған.

**7-тармақ.** «Мақтаарал ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде жүргізілген мемлекеттік аудит барысында мекемедегі қорлардың бухгалтерлік есебінің жай-күйі мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын бұза отырып жүргізілетіні анықталды. Анықталған бұзушылықтар жүйелі сипатқа ие және материалдық құндылықтардың қозғалысы мен сақталуын ішкі бақылаудың жеткіліксіз деңгейін көрсетеді.

Атап айтқанда, қорларды есепке алу «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу қағидаларының талаптары сақталмай жүзеге асырылған.

Көрсетілген нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес бухгалтерлік есеп операциялар мен оқиғалардың дұрыс және уақтылы көрсетілуін қамтамасыз етуге тиіс, ал қорларды есепке алу олардың атаулары мен материалдық жауапты тұлғалар бойынша барлық шаруашылық операцияларды тиісті Құжаттамалық ресімдей отырып, сандық және сомалық мәнде жүргізілуге тиіс.

Бұдан басқа, қорлармен операцияларды есепке алу бухгалтерлік есеп саласындағы уәкілетті орган бекітетін Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп шоттарының жоспарына сәйкес жүзеге асырылуға тиіс. «Қорлар» бөлімінің шоттары мемлекеттік мекемелердің материалдық құндылықтарының түсуі, қозғалысы және есептен шығарылуы жөніндегі операцияларды көрсетуге арналған.

Анықталған сәйкессіздіктердің едәуір санына байланысты аудит шеңберінде әрбір бұзушылықты сипаттау мүмкін емес.

Жалпы, қорларды есепке алу жағдайы материалдық құндылықтармен операцияларды көрсетудің толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз етпейді және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келтіруді талап етеді.

Осылайша, мекемеде Альбом нысандарының 396-нысаны – материалдардың шығысы бойынша жинақтау ведомосында операцияларды тиісті есепке алу қамтамасыз етілмеген. Материалдарды шығысқа есептен шығару мемлекеттік мекеме басшысы немесе ол уәкілеттік берген тұлға бекіткен актілердің немесе басқа да құжаттардың негізінде жүргізіледі және Альбом нысандарының 396-нысаны – материалдардың шығысы бойынша жинақтау ведомосында (№13 - мемориалдық ордер) есепке алынады. «Қорларды» есепке алу қағидаларында белгіленген нормалардың сақталмауы 2025 жылғы 1 қаңтардағы есепті кезеңдегі бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік деректерінің **33 646,4 мың теңге сомасына бұрмалануы жол алған.**

«Мақтаарал ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінде аудиторлық іс-шара барысында бюджеттік бағдарламалар әкімшісі тарапынан, 2024 жылғы 20-21 қарашадағы қабылдау-тапсыру актілары бойынша ведомстволық бағынысты мекемесіне КММ «Демеу» Отбасын қолдау орталығына» және «Мейрім-Шапағат» күндіз болу орталығына» берілген негізгі құралдарды уақтылы мекеме теңгерімінен есептен шығармағаны анықталды. Ведомстволық бағынысты мекеме аталған мүлікті фактілік пайдаланғанына қарамастан, 2024 жылғы 31 желтоқсанға жағдай бойынша бұл негізгі құралдар бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің теңгерімінде тіркелген болып отыр.

Бұл жағдай негізгі құралдардың шығуы бойынша бухгалтерлік операцияларды уақтылы есепке алмауды көрсетеді. Нәтижесінде бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бухгалтерлік есебі мен қаржылық есептілігінің деректерін бұрмалауға жол берілген.

Осылайша, 2024 жылы 451021 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы аясында 414 «Машиналар, жабдықтар, өндірістік және шаруашылық негізгі құралдарын сатып алу» ерекшелігі бойынша аудит барысында анықталған бұзушылықтардың сомасы **4 159,6 мың теңгені** құраса, 2024 жылы 451067 «Ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы аясында 414 «Машиналар, жабдықтар, өндірістік және шаруашылық негізгі құралдарын сатып алу» ерекшелігі бойынша аудит барысында анықталған бұзушылықтардың сомасы **13 299,6 мың теңгені** құраған.

Сонымен қатар, жүргізілген мемлекеттік аудит барысында мекемедегі қорлардың бухгалтерлік есебінің жай-күйі мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын бұза отырып жүргізілетіні анықталды.

Анықталған бұзушылықтар жүйелі сипатқа ие және материалдық құндылықтардың қозғалысы мен сақталуын ішкі бақылаудың жеткіліксіз деңгейін көрсетеді.

Атап айтқанда, қорларды есепке алу «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393

бұйрығымен бекітілген мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу қағидаларының талаптары сақталмай жүзеге асырылған.

Көрсетілген нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес бухгалтерлік есеп операциялар мен оқиғалардың дұрыс және уақтылы көрсетілуін қамтамасыз етуге тиіс, ал қорларды есепке алу олардың атаулары мен материалдық жауапты тұлғалар бойынша барлық шаруашылық операцияларды тиісті Құжаттамалық ресімдей отырып, сандық және сомалық мәнде жүргізілуіне тиіс.

Бұдан басқа, қорлармен операцияларды есепке алу бухгалтерлік есеп саласындағы уәкілетті орган бекітетін Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп шоттарының жоспарына сәйкес жүзеге асырылуға тиіс. «Қорлар» бөлімінің шоттары мемлекеттік мекемелердің материалдық құндылықтарының түсуі, қозғалысы және есептен шығарылуы жөніндегі операцияларды көрсетуге арналған.

Анықталған сәйкессіздіктердің едәуір санына байланысты аудит шеңберінде әрбір бұзушылықты сипаттау мүмкін емес.

Жалпы, қорларды есепке алу жағдайы материалдық құндылықтармен операцияларды көрсетудің толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз етпейді және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келтіруді талап етеді.

Осылайша, Нысандар альбомының 396-нысанындағы материалдардың шығысы бойынша жинақтаушы ведомосте материалдардың шығысы бойынша операцияларды есепке алу қамтамасыз етілмейді (материалдарды шығысқа есептен шығару мемлекеттік мекеменің басшысы немесе ол уәкілеттік берген тұлға бекіткен актілер немесе басқа құжаттар негізінде жүргізіледі және Нысандар альбомының 396-нысанындағы материалдардың шығысы бойынша жинақтаушы ведомосте жүргізіледі (мемориалдық ордер 13)), бұл 2025 жылғы 1 қаңтардағы есепті кезеңдегі бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік деректерінің **11 205,1 мың теңге** сомасына бұрмалануына әкеп соққан.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының» 196, 207, 216, 227, 229, 233 тармақтары, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет кодексінің 115-бабының 1,2 тармақтары, 116-бабының 1,4 тармақтары, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 7 қыркүйектегі «Есепке саясаты» №444 бұйрығының 3,4,6 тармақтары, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 1 тамыздағы «Қаржылық есептілікті жасау мен ұсыну қағидаларының» №468 бұйрығының 3,25,41 - тармақтарының талаптары сақталмаған.

**8-тармақ.** 2024 жылы Мақтаарал ауданының ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 456032 «Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша 015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен, 414 - ерекшелік бойынша 2000,0 мың теңге қаралып, 1 999,9

мың теңгеге бөлімге қарасты «Жастар ресурстық орталығы» КММ–не негізгі құралдар сатып алынып, 28.05.2024 жылғы қабылдап тапсыру актісімен негізгі құралдар «Жастар ресурстық орталығы» КММ тапсырылған. Алайда, аалған негізгі қорлар «Жастар ресурстық орталығы» КММ мен қабылдап алынғанымен, мекеменің теңгеріміне кіріске алынбаған.

Бұл ретте, сол кезде қолданыста болған Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы №234 «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Заңының 6 бабы 3 тармағы, сол кезде қолданыстағы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының» 4,12,15,32,33,202,243 тармақтары, сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 1 тамыздағы № 468 бұйрығымен бекітілген «Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларының» 25-тармағының талаптары сақталмай 01.01.2025 жылғы жағдай бойынша бухгалтерлік баланстың «қорлар» бабы (020-жолдың коды, ҚЕ 1-нысаны) бойынша жалпы **1 999,9 мың теңгеге** бұрмалау орын алған.

**9-Тармақ.** «Мақтаарал ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесінде аудит барысында 098 бюджеттік бағдарламасы бойынша аталған нысандар мекеменің 2025 жылдағы бухгалтерлік есебінде жалпы 2 272 468,0 мың теңгеге сатып алынған 160 тұрғын үйлер 2321 шотында танылмағаны анықталды.

Бұл ретте: Қазақстан Республикасының 04.10.2008 ж. № 95-IV Бюджет кодексінің 116-бабының 1-4 тармақтарын, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 03.08.2010 ж. № 393 бұйрығының бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының 3 тармағының 50) тармақшасының, 240, 243, 244, 272 тармақтарының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 12 мамырдағы № 223 бұйрығы «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» қағидаларының 282, 286, 312, 315 тармақтарын, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 15.06.2010 ж. №281 «Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспарын бекіту туралы» бұйрығының 17 тармағын, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 16 сәуірдегі № 170 бұйрығы «Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспарын бекіту туралы» бұйрығының 17 тармақтарын бұза отырып, аудит объектісімен бухгалтерлік есепте 2 272 468,0 мың теңгеге сатып алынған тұрғын үй ғимараттары бойынша жұмыстарының орындалған актілерін құжаттамалық рәсімдеудің дұрыстығын қамтамасыз етпей 2322 «Тұрғын үй ғимараттары» шотына есепке алынбаған. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2025 жылғы 15 мамырдағы № 230 «Қаржылық есептілік нысандарын, кезеңділігін және оларды жасау мен ұсыну қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген қағидаларының 26 тармағының 01.01.2026 жылғы жағдай бойынша «бухгалтерлік баланс» есептің «Негізгі құралдар» бабы (114-жолдың коды, ҚЕ 1-нысан) **2 272 468,0 мың теңге сомасына** бұрмалау орын алған.

**10-Тармақ.** Мекеме 31.12.2023 жылдың бухгалтерлік есебінде:

1) 007028 бюджеттік бағдарламасынан жаратылған «*Мақтаарал ауданы, Мырзакент орталық саябағын қайта құру*» нысаны бойынша 2411 «аяқталмаған құрылыс» қосалқы шотының дебетінде жинақталу тиіс болатын сома 14505,5 мың теңге. Аталған нысан бойынша бухгалтерлік есептілікте жалпы 9776,0 мың теңгесі (*техникалық қадағалауға 336,0 мың теңге, құрылыс жұмыстарына 9440,0 мың теңге*) көрсетілген. Яғни **4729,5 мың теңгесі** (ЖСҚ әзірлеге 4505,5 мың теңге, авторлық қызметке 224,0 мың теңге) мүлдем көрсетілмегені анықталды.

1) 2024 жылы 007028 бюджеттік бағдарламасынан жаратылған «*Мақтаарал ауданы, Мырзакент орталық саябағын қайта құру*» нысаны бойынша 2411 «аяқталмаған құрылыс» қосалқы шотының дебетінде жинақталу тиіс болатын сома 200000,0 мың теңге. Аталған нысан бойынша бухгалтерлік есептілікте жалпы 197000,0 мың теңгесі (*авторлық қызметке 2000,0 мың теңге, құрылыс жұмыстарына 195000,0 мың теңге*) көрсетілген. Яғни **3000,0 мың теңгесі** (*техникалық қадағалау қызметіне*) мүлдем көрсетілмегені анықталды.

1) 2025 жылы 007028 бюджеттік бағдарламасынан жаратылған «*Мақтаарал ауданы, Мырзакент орталық саябағын қайта құру*» нысаны бойынша 2411 «аяқталмаған құрылыс» қосалқы шотының дебетінде жинақталу тиіс болатын сома 386401,0 мың теңге. Аталған нысан бойынша бухгалтерлік есептілікте жалпы 286400,0 мың теңгесі (*техникалық қадағалау қызметіне 7000,0 мың теңге, құрылыс жұмыстарына 279400,0 мың теңге*) көрсетілген. Яғни **100001,0 мың теңгесі** (*авторлық қызметке 4520,7 мың теңге, құрылыс жұмыстарына 88256,8 мың теңге, техникалық қадағалау қызметіне 7223,5 мың теңге*) бухгалтерлік есепте мүлдем көрсетілмегені анықталды.

1) 079011 бюджеттік бағдарламасынан жаратылған «*Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Ж.Нұрлыбаев ауылдық округі, Ынталы елді мекенінен мәдениет үйі және кітапхана құрылысы*» нысаны бойынша 2411 «аяқталмаған құрылыс» қосалқы шотының дебетінде жинақталу тиіс болатын сома 213833,2 мың теңге. Аталған нысан бойынша бухгалтерлік есептілікте жалпы 152381,7 мың теңгесі (*ЖСҚ әзірлеуге 10381,8 мың теңге, авторлық қызмет көрсетуге 1000,0 мың теңге, құрылыс жұмыстарына 140999,9 мың теңге*) көрсетілген. Яғни **61451,5 мың теңгесі** (*экспертизадан өтуге 1451,5 мың теңге, техникалық қадағалауға 3999,9 мың теңге, құрылыс жұмыстарына 56000,1 мың теңге*) бухгалтерлік есепте мүлдем көрсетілмегені анықталды.

2) 079011 бюджеттік бағдарламасынан жаратылған «*Түркістан облысы Мақтаарал ауданы, Достық ауылдық округі, Ж.Қалшораев елді мекенінде мәдениет үйі мен кітапхана құрылысы*» нысаны бойынша 2411 «аяқталмаған құрылыс» қосалқы шотының дебетінде жинақталу тиіс болатын сома 209833,3 мың теңге. Аталған нысан бойынша бухгалтерлік есептілікте жалпы 208381,8 мың теңгесі (*Құрылыс жұмыстарына 197000,0 мың теңге, авторлық қызмет көрсетуге 1000,0 мың теңге, ЖСҚ әзірлеуге 10381,8*) көрсетілген. Яғни **1451,5 мың теңгесі**

(экспертизадан өтуге 1451,5 мың теңге) 01.01.2025 жылдың басында (сальдосында) бухгалтерлік есепте мүлдем көрсетілмегені анықталды.

Осылайша, Қазақстан Республикасының 04.10.2008 жылғы №95-IV Бюджет кодексінің 3-бабының 7-1 тармағын, 116-бабының 1-тармағын, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу қағидаларының 272-тармақтарын бұза отырып, аудит объектісімен атқарылған жұмыстарының орындалған актілерін құжаттамалық рәсімдеудің дұрыстығын қамтамасыз етпей есепке алынбаған. Сонымен бірге, ҚР ҚМ 2017 жылғы 1 тамыздағы № 468 бұйрығымен бекітілген қаржылық есептілікті жасау және ұсыну қағидаларының 27-тармағының бухгалтерлік баланстың «Аяқталмаған құрылыс» бабы (115-жолдың коды, ҚЕ 1-нысаны) жалпы **170 633,5 мың теңге бұрмалауы орын алған.**

**11-тармақ.** 1) 2025 жылы 079028 бюджеттік бағдарламасынан жаратылған «Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Ж.Нұрлыбаев ауылдық округі, Ынталы елді мекенінен мәдениет үйі және кітапхана құрылысы» нысаны бойынша 2411 «аяқталмаған құрылыс» қосалқы шотының дебетінде жинақталу тиіс болатын сома 75815,5 мың теңге және 079032 бюджеттік бағдарламасынан жаратылған 516187,2 мың теңге, жалпы 592002,7 мың теңге. Аталған нысан бойынша бухгалтерлік есептілікте 079028 бюджеттік бағдарламасынан жаратылған 72024,7 мың теңгесі (құрылыс жұмыстары) көрсетілген. Яғни 519 978,0 мың теңгесі (авторлық қызметке 7715,3 мың теңге, техникалық қадағалауға 18691,2 мың теңге, құрылыс жұмыстарына 493 571,5 мың теңге) мүлдем көрсетілмегені анықталды.

2) 2025 жылы 079028 бюджеттік бағдарламасынан жаратылған «Түркістан облысы Мақтаарал ауданы, Достық ауылдық округі, Ж.Қалшораев елді мекенінде мәдениет үйі мен кітапхана құрылысы» нысаны бойынша 2411 «аяқталмаған құрылыс» қосалқы шотының дебетінде жинақталу тиіс болатын сома 77940,0 мың теңге және 079032 бюджеттік бағдарламасынан жаратылған 467623,7 мың теңге, жалпы 545563,7 мың теңге. Аталған нысан бойынша бухгалтерлік есептілікте жалпы 079028 бюджеттік бағдарламасынан жаратылған 7500,0 мың теңгесі (құрылыс жұмыстары) көрсетілген. Яғни **538063,7** мың теңгесі (авторлық қызметке 7161,7 мың теңге, техникалық қадағалауға 21249,6 мың теңге, құрылыс жұмыстарына 509652,4 мың теңге) мүлдем көрсетілмегені анықталды.

Осылайша, Қазақстан Республикасының 04.10.2008 жылғы №95-IV Бюджет кодексінің 3-бабының 7-1 тармағын, 116-бабының 1-тармағын, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу қағидаларының 272-тармақтарын, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 12 мамырдағы № 223 бұйрығы «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» қағидаларының 312 тармақтарын, бұза отырып, аудит объектісімен 1058041,7 мың теңгеге атқарылған жұмыстарының орындалған актілерін құжаттамалық рәсімдеудің

дұрыстығын қамтамасыз етпей есепке алынбаған. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2025 жылғы 15 мамырдағы № 230 «Қаржылық есептілік нысандарын, кезеңділігін және оларды жасау мен ұсыну қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген қағидаларының 26 тармағының 01.01.2026 жылғы жағдай бойынша бухгалтерлік баланстың «Аяқталмаған құрылыс» бабы (115-жолдың коды, ҚЕ 1-нысаны) **1 058 041,7 мың теңгеге бұрмалау орын алған.**

**12-тармақ,** Мекеменің 01.01.2026 жылға мекеме теңгерімінде «Аяқталмаған құрылыс» бабы (2410 шоты) бойынша аяқталған құрылыс нысандары есепте 2321 «Тұрғын емес үй ғимараттары» шотының дебетінде және 2411 «аяқталмаған құрылыс» қосалқы шотының кредитінде тану тиіс.

Атап айтқанда:

Мекеме осы нысан бойынша объектіні пайдалануға қабылдау актісіне сәйкес аталған нысанды мекеме теңгеріміне қабылдамағаны анықталды.

2025 жыл қорытындысы бойынша жасалған мекеменің бухгалтерлік балансына бұрмалаушылық орын алған. Атап айтқанда:

1) 805 836,1 мың теңгеге «Мақтаарал ауданы, Ж.Нұрлыбаев ауылдық округі, Ынталы елді мекені, Миманжораев көшесі, №52 мекен-жайда орналасқан «Мәдениет үйі және кітапхана» ғимаратының құрылысы 27.10.2025 жылғы сәйкестік туралы декларация, 28.10.2025 жылғы құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы туралы қорытындылар негізінде тапсырыс берушімен объектіні пайдалануға қабылдау актісі 31.10.2025 жылы қабылданған.

2) 755 397,1 мың теңгеге Мақтаарал ауданы, Достық ауылдық округі, Ж.Қалшораев елді мекені, Бейбітшілік көшесі, №68 мекен-жайда орналасқан «Мәдениет үйі және кітапхана» ғимаратының құрылысы 27.10.2025 жылғы сәйкестік туралы декларация, 28.10.2025 жылғы құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы туралы қорытындылар негізінде тапсырыс берушімен объектіні пайдалануға қабылдау актісі 31.10.2025 жылы қабылданған.

3) 600 906,5 мың теңгеге Мақтаарал ауданы, Мырзакент кенті, Қожанов көшесі бойында орналасқан «Мақтаарал ауданының, Мырзакент орталық саябағын қайта құру» құрылыс нысаны 04.11.2025 жылғы сәйкестік туралы декларация, 31.10.2025 жылғы құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы туралы қорытындылар негізінде тапсырыс берушімен объектіні пайдалануға қабылдау актісі 06.11.2025 жылы қабылданған.

Қазақстан Республикасының 04.10.2008 ж. № 95-IV Бюджет кодексінің 116-бабының 1-4 тармақтарын, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 03.08.2010 ж. № 393 бұйрығының бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының 3 тармағының 50) тармақшасының, 240, 243, 244, 272 тармақтарының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 12 мамырдағы № 223 бұйрығы «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» қағидаларының 282, 286, 312, 315 тармақтарының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 15.06.2010 ж. №281 «Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспарын бекіту туралы» бұйрығының 17 тармағын, Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің 2025 жылғы 16 сәуірдегі № 170 бұйрығы «Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспарын бекіту туралы» бұйрығының 17 тармақтарын бұза отырып, аудит объектісімен бухгалтерлік есепте 2 162 139,7 мың теңге 3 құрылыс нысандар бойынша жұмыстарының орындалған актілерін құжаттамалық рәсімдеудің дұрыстығын қамтамасыз етпей 2411 «Аяқталмаған құрылыс және күрделі салымдар» шотынан 2321 «Тұрғын емес үй ғимараттары» шотына есепке алынбаған. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2025 жылғы 15 мамырдағы № 230 «Қаржылық есептілік нысандарын, кезеңділігін және оларды жасау мен ұсыну қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген қағидаларының 26 тармағының 01.01.2026 жылғы жағдай бойынша "Бухгалтерлік баланс" есептің «Негізгі құралдар» бабы (114-жолдың коды, ҚЕ 1-нысан) **2 162 139,7 мың теңге** сомасына бұрмалау орын алған.

**13-тармақ** Аудитпен қамтылған аралықта 2023 жылдың соңында мекемеде 01.01.2024 жылға мекеме теңгерімінде есептен шығарылуы тиіс нысандар (2300 шотында) анықталды:

Мектептер бойынша 03.02.2021 жылғы Мақтаарал аудан әкімінің №38 қаулысына сәйкес:

-Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Бірлік ауылдық округі, Еркінабад ауылындағы 200 оқушы орынға арналған №113 атындағы мектеп құрылысы нысаны баланстық құны 4256,0 мың теңге (қалдық құны 2482,7 мың теңге, амортизация соммасы 1773,3 мың теңге);

Нысан 03.02.2021 жылғы Мақтаарал аудан әкімінің №38 қаулысына сәйкес Түркістан облысының құрылыс басқармасының теңгеріміне 08.09.2021 жылғы өткізу-қабылдау актісімен өткізген;

-Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, А.Қалыбеков ауылдық округі Абат елді мекенінен Ж.Нұрлыбаев атындағы 300 орындық мектеп құрылысы нысаны баланстық құны 4610,6 мың теңге (амортизация соммасы 2689,5 мың теңге, қалдық құны 1921,1 мың теңге);

Нысан 03.02.2021 жылғы Мақтаарал аудан әкімінің №38 қаулысына сәйкес Түркістан облысының құрылыс басқармасының теңгеріміне 08.09.2021 жылғы өткізу-қабылдау актісімен өткізген;

-367305,2 мың теңге құрайтын Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Достық ауылдық округі, Ж.Қалшораев ауылындағы 200 оқушы орынға арналған Қ.Абдалиев атындағы мектеп құрылысы;

Нысан 03.02.2021 жылғы Мақтаарал аудан әкімінің №38 қаулысына сәйкес Түркістан облысының құрылыс басқармасының теңгеріміне 08.09.2021 жылғы өткізу-қабылдау актісімен өткізген;

Сонымен қатар 2023 жылғы 03 қазандағы Мақтаарал аудан әкімінің №544 қаулысына сәйкес:

-Құны 134 937,5 мың теңге құрайтын Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мырзакент кентіндегі спорт кешенінің құрылысы нысаны бойынша жұмыстар аяқталып 2023 жылғы 03 қазандағы Мақтаарал аудан әкімінің №544

қаулысына сәйкес «Мырзакент спорт клубы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне 05.10.2023 жылғы өткізу-қабылдау актісімен өткізген;

Сонымен қатар, «Аяқталмаған құрылыс» бабы (2410 шоты) бойынша негізгі құралдар бабында (2321 шоты) танылмай, есептен шығарылуы тиіс нысандар анықталды.

Атап айтқанда:

-Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Иіржар ауылдық округі, Мақтажан ауылындағы 200 оқушы орынға арналған Мақтажан мектебінің құрылысы нысаны баланстық құны 3436,0 мың теңге;

Нысан 03.02.2021 жылғы Мақтаарал аудан әкімінің №38 қаулысына сәйкес Түркістан облысының құрылыс басқармасының теңгеріміне 08.09.2021 жылғы өткізу-қабылдау актісімен өткізген;

-Құны 6518,5 мың теңге құрайтын «Бірлік ауылдық округі, Пернебаев елді мекеніндегі инфрақұрылым (ауыз су)» құрылыс нысанын Мақтаарал ауданы әкімдігінің 31.10.2022 жылғы №646 қаулысына сәйкес «Мақтаарал-Сервис» МКК-ның теңгеріміне 06.09.2022 жылғы өткізу-қабылдау актісімен өткізген;

-Құны 246 937,4 мың теңге құрайтын «ОҚО Мақтаарал ауданы, Мырзакент кентіндегі стадионды қайта құру құрылыс нысанын «Мақтаарал ауданының №1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» КММ-нің теңгеріміне 24.12.2020 жылғы өткізу-қабылдау актісімен өткізген;

Аталған нысандар бойынша аяқталған құрылыс нысандары есепте 2321 «Тұрғын емес үй ғимараттары» шотының дебетінде және 2411 «аяқталмаған құрылыс» қосалқы шотының кредитінде тану тиіс.

Аяқталған және пайдалануға берілген құрылыс объектілері қабылдау актілері негізінде оларға кеткен шығындар толық сомада көрсетіліп, ұзақ мерзімді активтерді есепке алу шотына жатқызылады, бұл ретте мынадай жазба көрсетіледі: Шоттар жоспарының "Негізгі құралдар" бөлімі шотының тиісті қосалқы шотының дебеті және 2411 "Аяқталмаған құрылыс" қосалқы шотының кредитінде тану тиіс болатын.

2025 жылы Құны 215,1 мың теңге құрайтын «Мақтаарал ауданы, Мырзакент ауылы, М.Қуандықов көшесі, 84 мекенжайында орналасқан жер Түркістан облысы әкімдігінің 06.05.2024 жылғы №80 қаулысына сәйкес республикалық меншікке берілген.

Сонымен қатар, «Аяқталмаған құрылыс» бабы (2410 шоты) бойынша негізгі құралдар бабында (2321 шоты) танылмай, есептен шығарылуы тиіс нысандар анықталды.

Атап айтқанда:

-Құны 247 143,4 мың теңге құрайтын «Мақтаарал ауданы, Мырзакент ауылы, М.Қуандықов көшесі, 84 мекенжайында орналасқан (кадастрлық нөмірі 19:288:249:1298) әкімшілік ғимараты Түркістан облысы әкімдігінің 06.05.2024 жылғы №80 қаулысына сәйкес республикалық меншікке берілген (14.06.2024 НҚ 1 нысан негізгі құралмен аяқталмаған құрылыспен инвестициялық жылжымайтын мүлікті қабылдау-тапсыру (өткізу) актісімен) өткізген;

-Құны 13 979,0 мың теңге құрайтын «Мақтаарал ауданы аумағынан сатып алынған халықтың әлеуметтік осал топтары үшін жалға берілетін тұрғын үйлерді» нысанын Мақтаарал ауданы әкімдігінің 30.12.2024 жылғы №848 қаулысына сәйкес «Мақтаарал ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ-нің меншігіне 30.12.2024 жылғы өткізу-қабылдау актісімен өткізген;

-Құны 437 452,9 мың теңге құрайтын «Мақтаарал ауданы, Енбекші ауылдық округі, Т.Жайлыбаев елді мекеніндегі «Мәдениет үйі және кітапхана ғимараты» нысанын Мақтаарал ауданы әкімдігінің 15.03.2024 жылғы №204 қаулысына сәйкес Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мақтаарал мәдениет үйі» МКҚК-ның теңгеріміне 26.03.2024 жылғы өткізу-қабылдау актісімен өткізген;

-Құны 365 242,3 мың теңге құрайтын «Мақтаарал ауданы, Жамбыл ауылдық округі, Жалын елді мекені,Т.Исахов көшесі бойында орналасқан, «Мәдениет үйі және кітапхана құрылысы» нысанын Мақтаарал ауданы әкімдігінің 15.03.2024 жылғы №203 қаулысына сәйкес Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мақтаарал мәдениет үйі» МКҚК-ның теңгеріміне 15.03.2024 жылғы өткізу-қабылдау актісімен өткізген;

Аталған нысандар бойынша аяқталған құрылыс нысандары есепте 2321 «Тұрғын емес үй ғимараттары» шотының дебетінде және 2411 «аяқталмаған құрылыс» қосалқы шотының кредитінде тану тиіс.

Аяқталған және пайдалануға берілген құрылыс объектілері қабылдау актілері негізінде оларға кеткен шығындар толық сомада көрсетіліп, ұзақ мерзімді активтерді есепке алу шотына жатқызылады, бұл ретте мынадай жазба көрсетіледі: Шоттар жоспарының "Негізгі құралдар" бөлімі шотының тиісті қосалқы шотының дебеті және 2411 "Аяқталмаған құрылыс" қосалқы шотының кредитінде тану тиіс болатын.

Қазақстан Республикасының 04.10.2008 ж. № 95-IV Бюджет кодексінің 116-бабының 1-4 тармақтарын, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 03.08.2010 ж. № 393 бұйрығының 243, 247, 272, 275, 280 тармақтарын бұза отырып, аудит объектісімен бухгалтерлік есепте негізгі құрал объектісінің құжаттық рәсімделуінің дұрыстығы қамтамасыз етілмеген, сонымен бірге, ҚР ҚМ 01.08.2017 ж. № 468 бұйрығымен бекітілген қаржылық есептілікті жасау және ұсыну қағидаларының 27 тармағының жылдар соңындағы жағдай бойынша бухгалтерлік баланстың «Аяқталмаған құрылыс» бабы (115-жолдың коды, ҚЕ 1-нысаны) және «негізгі құралдар» бабы (114-жолдың коды, ҚЕ 1-нысаны) **1 832 033,9 мың теңге сомасына бұрмалау орын алған.**

**14-тармақ.** «Мақтаарал ауданының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 2023 жылы 492029 «Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту» бюджеттік бағдарламасы бойынша 24 646,8 мың теңгеге қаржыландырылған 2 нысанның (алдыңғы жылдармен бірге 2

объектіге жұмсалған шығындардың жалпы сомасы 577 733,0 мың теңгені құрады), 492036 «Газ тасымалдау жүйесін дамыту» бюджеттік бағдарламасы бойынша 817 517,3 мың теңгеге қаржыландырылған 7 нысанның (алдыңғы жылдармен бірге 7 объектіге жұмсалған шығындардың жалпы сомасы 3 355 738,0 мың теңгені құрады) жұмыстары толық аяқталғанымен, пайдалануға қабылданған нысандар бухгалтерлік есеп бойынша 2300 «Негізгі құралдар» шоты бойынша негізгі құрал ретінде танылмаған.

2024 жылы 492029 «Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту» бюджеттік бағдарламасы бойынша 17 000,5 мың теңгеге қаржыландырылған 1 нысанның (алдыңғы жылдармен бірге жұмсалған шығындардың жалпы сомасы 294 985,2 мың теңгені құрады), 492058 «Елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту» бюджеттік бағдарламасы бойынша 85 630,7 мың теңгеге қаржыландырылған 2 нысанның (алдыңғы жылдармен бірге 2 объектіге жұмсалған шығындардың жалпы сомасы 896 298,1 мың теңгені құрады), 492033 «Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша 16 791,0 мың теңгеге қаржыландырылған 2 нысанның (алдыңғы жылдармен бірге 2 объектіге жұмсалған шығындардың жалпы сомасы 422 013,8 мың теңгені құрады), 492036 «Газ тасымалдау жүйесін дамыту» бюджеттік бағдарламасы бойынша 120 748,0 мың теңгеге қаржыландырылған 2 нысанның жұмыстары толық аяқталғанымен, пайдалануға қабылданған нысандар бухгалтерлік есеп бойынша 2300 «Негізгі құралдар» шоты бойынша негізгі құрал ретінде танылмаған.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 03 тамыздағы №393 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 28 мамырдағы № 261 бұйрығымен күші жойылды) бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының 4, 33, 243-245, 247 тармақтарының, ҚР Қаржы министрінің 2010 жылғы 15 маусымдағы №281 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 28 мамырдағы № 261 бұйрығымен күші жойылды) бекітілген Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспарының 16 тармағының және ҚР Қаржы министрінің 01.08.2017 жылғы №468 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 28 мамырдағы № 261 бұйрығымен күші жойылды) бекітілген «Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларының» 3,27 тармақтарының талаптарын сақталмай жыл соңындағы жағдай бойынша бухгалтерлік баланстың «негізгі құралдар» бабы (114-жолдың коды) бойынша **5 667 516,1 мың теңгеге** бұрмалауға жол берілген.

**15-тармақ.** 2025 жылы 018-015 «Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру» бюджеттік бағдарлама бойынша Мекеме мен «Жаркын Строй Аспект» ЖШС арасында түзілген 24.01.2025 жылғы №2 құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шартқа және оған жасалған 28.05.2025 жылғы №2/1 қосымша келісімге сәйкес 38 452,0 мың теңгеге Мақтаарал ауданы Ииржар а/о Азамат елді мекенінде, Ж.Нұрлыбаев а/о Қаракин елді мекенінде қоршаулар мен шаруашылық жабдықтарды орнату бойынша жұмыстар сатып алынған.

2025 жылғы маусым-шілде айларындағы орындалған жұмыстардың және шығындардың құны туралы анықтамаларының және орындалған жұмыс актілерінің негізінде мекеме 29.05.2025 жылғы №4923501/25-302, 20.06.2025 жылғы №4923501/25-324, 25.06.2025 жылғы №4923501/25-333, 25.07.2025 жылғы №4923501/25-399, 28.07.2025 жылғы №4923501/25-402 төлем тапсырмаларымен орындаушының есеп шотына 38 452,0 мың теңге толық аударған.

Сонымен қатар, 2025 жылы 018-015 «Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру» бюджеттік бағдарлама бойынша Мекеме мен «Жаркын Строй Аспект» ЖШС арасында түзілген 27.07.2025 жылғы №57 құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шартқа және оған жасалған 18.11.2025 жылғы №57/02 қосымша келісімге сәйкес 38 976,0 мың теңгеге Мақтаарал ауданы Бірлік а/о Достық елді мекенінде қоршаулар мен шаруашылық жабдықтарды орнату бойынша жұмыстар сатып алынған.

2025 жылғы қараша айындағы орындалған жұмыстардың және шығындардың құны туралы анықтаманың және орындалған жұмыс актісінің негізінде мекеме 07.11.2025 жылғы №4923501/25-673, 27.11.2025 жылғы №4923501/25-703, 24.12.2025 жылғы №4923501/25-832 төлем тапсырмаларымен орындаушының есеп шотына 38 976,0 мың теңге толық аударған.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 12 мамырдағы № 223 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының 284 тармағына сәйкес негізгі құрал объектісінің құны осы объектіге байланысты мемлекеттік мекемеге болашақ экономикалық пайда мен сервистік әлеуеттің түсуіне ықтималдық болғанда, және іс жүзіндегі шығындарды немесе объектінің әділ құнын сенімді өлшеу мүмкін болса, актив деп танылуы мүмкін.

Жұмыстардың нәтижесінде мемлекеттік мекемеге осы объектімен байланысты қызметтердің болашақ экономикалық пайдасы мен әлеуетін алу ықтималдығы бар қоршаулар мен шаруашылық жабдықтарды орнатылғандығына және объектінің нақты шығындарын немесе әділ құнын сенімді түрде өлшеуге болатындығына байланысты бір жылдан астам уақыт пайдаланатын активтер пайда болған.

Бұл актив материалдық объекті болып табылады және және тиісті бухгалтерлік есеп шоттарында тануды талап етеді.

Алайда, 77 428,0 мың теңгеге қаржыландырылған 2 нысанның жұмыстары толық аяқталғанымен, пайда болған активтер бухгалтерлік есеп бойынша 2300 «Негізгі құралдар» шоты бойынша негізгі құрал ретінде танылмаған.

Бұл ретте, ҚР Қаржы министрінің 12.05.2025 жылғы №223 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу Қағидаларының 4, 35, 282-284, 286 тармақтарының, ҚР Қаржы министрінің 16.04.2025 жылғы №170 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспарының 16 тармағының және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2025 жылғы 15 мамырдағы

№230 бұйрығымен бекітілген Қаржылық есептілікті жасау мен ұсыну қағидаларының 3, 26 тармақтарының талаптарын сақталмай 01.01.2026 жылғы жағдайдағы бухгалтерлік баланстың «Негізгі құралдар» бабы (114-жолдың коды) бойынша жалпы **77 428,0 мың теңгеге** бұрмалау орын алған.

**16-тармақ.** «Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді даму, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мақтаарал мәдениет үйі» МКҚК-да 2025 жылы:

1. Құны 369 187,22 мың теңгені құрайтын Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Қалыбеков ауылдық округіндегі орталық мәдениет үйі мен балалар алаңы бар жазғы кинотеатрды күрделі жөндеу жұмыстары аяқталған.

2. Құны 314 128,05 мың теңгені құрайтын Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Бірлік ауыл округі, Алғабас елді мекеніндегі ауылдық мәдениет үйін күрделі жөндеу жұмыстарын аяқталған.

Екі объекті бойынша жалпы сомма 683 315,27 мың теңгені құраған.

«Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді даму, дене шынықтыру және спорт бөлімі мен Мақтаарал мәдениет үйі арасында 30.12.2025 жылы аяқталған құрылысты қабылдау-тапсыру актілері жасалынған.

Бірақ бұл операциялар кәсіпорынның бухгалтерлік есебінде көрініс таппай аяқталған құрылыс объектілері кәсіпорын теңгеріміне алынбаған, яғни, 2410 «Негізгі қорлар» қосалқы шотының дебетінде және 3310 «Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек» шотының кредиті бойынша 683 315,3 мың теңгеге корреспонденция берілмей, кәсіпорынның қаржылық есептілігіне енгізілген көрсеткіштердің анықтылығы және толықтылығына сонымен қатар, есепті кезеңінің қаржылық нәтижесіне әсер етіліп бұрмаланған есептілік жасағаны анықталды.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы №234 «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Заңының 6 бабы 3 тармағы 1), 2) тармақшаларының, Қазақстан Республикасының Қаржы Министірлігінің 2015 жылғы 31 наурыздағы №241 бұйрығымен бекітілген «Бухгалтерлік есепті жүргізу қағидаларының» 17,18,19,20,21 тармақтарының талаптары бұзылған. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 1 тамыздағы № 468 бұйрығымен бекітілген «Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларының» 25-тармағының талаптары сақталмай 01.01.2026 жылғы жағдай бойынша бухгалтерлік баланстың «қорлар» бабы (020-жолдың коды, ҚЕ 1-нысаны) бойынша жалпы **683 315,3 мың теңгеге** бұрмалау орын алған.

**17-тармақ.** Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мырзакент спорт клубы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде баланстық құны 511 938,6 мың теңге тұратын Мақтаарал ауданы, Мақтаарал ауылдық округі, Өркениет елді мекеніндегі спорт кешенінің құрлысы 2004 жылы аяқталып, аудан әкімінің мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне өткізу туралы 02.12.2024 жылы №741 Қаулысы сәйкес 28.02.2024 жылы Мақтаарал ауданының сәулет,

қала құрлысы және құрылыс бөлімі мен «Мырзакент спорт клубы» КММ-нің арасында өткізу-қабылдау актісі жасалынған.

Аудитпен қамтылған аралықта мекеменің тенгеріміндегі негізгі құралдарына аудит жүргізгенімізде жалпы құны 511 938,6 мың тенгені құрайтын жоғарыда аталған ғимарат мекеменің бухгалтерлік есебінде (2320 «*Ғимараттар*» шоты) және қаржылық есептілігінде көрсетілмей, 2024 жылдың есепті кезеңінің қаржылық нәтижесіне әсер етіліп, бұрмаланған есептілік жасалғандығы анықталды.

Бұл ретте, сол кездегі қолданыстағы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының» 243, 244 тармақтарының талаптары сақталмай, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 1 тамыздағы №468 бұйрығымен бекітілген «Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларының» 25-тармағының талаптары сақталмай 31.12.2024 жылғы жағдай бойынша бухгалтерлік баланстың «қорлар» бабы (020-жолдың коды, ҚЕ 1-нысаны) бойынша жалпы **511 938,6 мың теңгеге** бұрмалау орын алған.

**18-тармақ.** «Мырзакент-Қызмет» КММ 2025 жылы **018-015** «Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру» бюджеттік бағдарлама бойынша Мекеме мен «MBS Construction» ЖШС арасында түзілген 17.10.2025 жылғы №28 құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шартқа сәйкес 94 818,0 мың теңгеге Мырзакент кентінде 0,8 га аумақта металл конструкцияларын дайындау бойынша жұмыстар (2026 жылға өтпелі) сатып алынған.

2025 жылғы қазан айындағы орындалған жұмыстардың және шығындардың құны туралы анықтаманың және орындалған жұмыс актісінің негізінде мекеме 30.10.2025 жылғы №4923502/25-357 төлем тапсырмасымен 10 000,0 мың теңге, 26.11.2025 жылғы №4923502/25-387 төлем тапсырмасымен 38 000,0 мың теңге орындаушының есеп шотына аударған.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 12 мамырдағы № 223 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының 284 тармағына сәйкес негізгі құрал объектісінің құны осы объектіге байланысты мемлекеттік мекемеге болашақ экономикалық пайда мен сервистік әлеуеттің түсуіне ықтималдық болғанда, және іс жүзіндегі шығындарды немесе объектінің әділ құнын сенімді өлшеу мүмкін болса, актив деп танылуы мүмкін.

Жұмыстардың нәтижесінде мемлекеттік мекемеге осы объектімен байланысты қызметтердің болашақ экономикалық пайдасы мен әлеуетін алу ықтималдығы бар металл конструкциясы құрылатындығына және объектінің нақты шығындарын немесе әділ құнын сенімді түрде өлшеуге болатындығына байланысты бір жылдан астам уақыт пайдаланатын актив пайда болады.

Бұл актив материалдық объекті болып табылады және және тиісті бухгалтерлік есеп шоттарында тануды талап етеді. Ал, 2025 жылы жоғарыда көрсетілген жұмыстарға (қызметтерге) кеткен жалпы сомасы 48 000,0 мың

теңгеге шығындар 7140 "Өзге ағымдағы шығыстар" шотының шығыстарына есептен шығарылған.

Аудит жүргізу барысында барлығы 48 000,0 мың теңгеге шығындар 2411 «Аяқталмаған құрылыс» бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынбаған.

Бұл ретте, ҚР Қаржы министрінің 12.05.2025 жылғы №223 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу Қағидаларының 4, 35, 282-284, 286 тармақтарының, ҚР Қаржы министрінің 16.04.2025 жылғы №170 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспарының 17 тармағының талаптары сақталмаған.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2025 жылғы 15 мамырдағы № 230 бұйрығымен бекітілген Қаржылық есептілікті жасау мен ұсыну қағидаларының 3, 26 тармақтарының талаптарын сақталмай 31.12.2025 жылғы жағдайдағы бухгалтерлік баланстың «Аяқталмаған құрылыс және күрделі салымдар» бабы (115-жолдың коды) бойынша жалпы **48 000,0 мың теңгеге** бұрмалау орын алған.

#### **Тиімсіз жоспарланған бюджет қаражаты туралы.**

**19-тармақ.** Аудит барысында жүргізілген талдау көрсеткендей 2 аудит объектілерімен 2023, 2024, 2025 жылдары бюджеттік бағдарламаларды бекіту кезінде аудитпен қамтылған мерзім аралығында қолданыста болған ҚР Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №195 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидаларын және олардың мазмұнына қойылатын талаптарының» (**бұдан әрі -195 Бұйрық**) 1-тарау 2,3, 10, 14, 18, 21 -тармақтары Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 4-бабының 6), 9), 12), 13) тармақшасының «негізділік принципі» және 12) тармақшасының «тиімділік қағидаты» талаптары сақталмай, бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау жағдайлары орын алған.

Атап айтқанда:

1. «Мақтаарал ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесінде:

Аудитпен қамтылған кезеңде бюджеттік бағдарламаларының тікелей және түпкілікті нәтиже көрсеткіштері мүлдем айқындалмағаны және Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалмағаны анықталды.

Жалпы аудитпен қамтылған **9040070,8** мың теңге, *(оның ішінде 2023 жылы 1 360 173,8 мың теңге, 2024 жылы 3 444 852,0 мың теңге, 2025 жылы 4 235 045,0 мың теңге)* **қаржы тиімсіз жоспарланған.**

2.«Мақтаарал ауданының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 2024-2026 жылдарға арналған бекітілген бюджеттік бағдарламаларында бюджеттік бағдарламаның мақсатына қол жеткізілуін айқындайтын түпкілікті нәтиже көрсеткіштері айқындалмаған. Сонымен қатар, тікелей нәтиже көрсеткіштері мемлекеттік орган қызметінің

нәтижелерін көрсететін объективті түрде әзірленбеген (ақшалай мәнде көрсетілген). Сонымен қатар, жоғарыда көрсеткендей, қаржы жылы ішінде бюджеттік бағдарламалардың қаржыландыру көлемі өзгертілсе де, олар қайта бекітілмеген, ал, 2023-2025 және 2025-2027 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламалары мүлдем бекітілмеген.

Аудит барысында **20 597 099,4** мың теңге (оның ішінде 2023 жыл бойынша 18 бюджеттік бағдарлама бойынша (аудитпен қамтылған қаржы) 2 904 962,4 мың теңге, 2024 жыл қорытындысы бойынша 17 бюджеттік бағдарлама бойынша 9 895 987,0 мың теңге және 2025 жылы 15 бюджеттік бағдарлама бойынша 7 796 150,0 мың теңге) **қаржы тиімсіз жоспарланған.**

3.Мақтаарал ауданының «Бірлік ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша мекеменің (бюджеттік бағдарлама әкімшісінің) 2023-2025, 2024-2026, 2025-2027 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламалары мүлдем бекітілмеген және жыл көлемінде олардың қаржыландыру көлемдері өзгертілсе де, қайта бекітілмеген.

Түпкілікті және тікелей нәтиже көрсеткіштерінің болмауына немесе дұрыс әзірленбеуіне, бюджеттік бағдарламаларды (қаржыландыру көлемдері өзгертілген) бекітілмеуіне байланысты бюджеттік бағдарламаны іске асырудың сапалы қорытындысын немесе бюджеттік бағдарламаның орындалу тиімділігін бағалау мүмкін емес, яғни бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлауға әкеп соқтырады.

Аудит барысында **232 038,0** мың теңге (оның ішінде 2023 жыл бойынша 5 бюджеттік бағдарлама бойынша (аудитпен қамтылған қаржы) 237 422,0 мың теңге, 2024 жыл қорытындысы бойынша 6 бюджеттік бағдарлама бойынша 105 225,0 мың теңге және 2025 жылы 5 бюджеттік бағдарлама бойынша 89391,0 мың теңге) **қаржы тиімсіз жоспарланған.**

4.Мақтаарал ауданының «Еңбекші ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 2023-2025, 2024-2026, 2025-2027 жылдарға арналған қайта бекітілген 124 009 «Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету», 124 011 «Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру», 124 022 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламаларында бюджеттік бағдарламаның мақсатына қол жеткізілуін айқындайтын түпкілікті нәтиже көрсеткіштері дұрыс айқындалмаған, немесе анық, айқын және нақты емес; бюджеттік бағдарламаның сандық көрсеткіштері мен оған қол жеткізудің нақты күнін (кезеңін) (белгілі бір уақыт аралығында, жоспарлы кезеңнің соңында, жоспарлы кезеңнің жылдары бойынша бөліністе) айқындау жолымен бюджеттік бағдарламаны іске асырудың сапалы қорытындысын көрсетілмеген.

Тікелей нәтиже көрсеткіштері абсолютты шамаларда көрсетілмей, түпкілікті нәтижелерін қайталанып, пайыздық шамаларда көрсетілген немесе объективті түрде мемлекеттік орган қызметінің нәтижелерін әзірленбеген.

Сонымен бірге түпкілікті, тікелей нәтижелерге және бюджеттік бағдарламаның мақсатына бюджеттік бағдарламаның атауы қайталанып жазылған.

2025-2027 жылдарға арналған 124 022 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарлама мүлдем бекітілмеген және жыл көлемінде қайта бекітілмеген

Түпкілікті және тікелей нәтиже көрсеткіштерінің болмауына немесе дұрыс әзірленбеуіне, бюджеттік бағдарламаларды (қаржыландыру көлемдері өзгертілген) нақтылап қайта бекітілмеуіне байланысты бюджеттік бағдарламаны іске асырудың сапалы қорытындысын немесе бюджеттік бағдарламаның орындалу тиімділігін бағалау мүмкін емес, яғни бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлауға әкеп соқтырады.

Аудит барысында **207 609,3** мың теңге (*оның ішінде 2023 жыл бойынша 5 бюджеттік бағдарлама бойынша (аудитпен қамтылған қаржы) 28 075,3 мың теңге, 2024 жыл қорытындысы бойынша 6 бюджеттік бағдарлама бойынша 90 092,0 мың теңге және 2025 жылы 5 бюджеттік бағдарлама бойынша 89 442,00 мың теңге*) **қаржы тиімсіз жоспарланған.**

5.«Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді даму, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мақтаарал мәдениет үйі» МКҚК бойынша **806,5 мың теңге қаржы тиімсіз жоспарланған.**

- 2023 жылы Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді даму, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мақтаарал мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорының №KZ138562203113474900 есеп шотында жыл соңында, яғни 31.12.2023 жылғы жағдайға 29,3 мың теңге және №KZ578562203113474884 есеп шотында жыл соңында, яғни 31.12.2023 жылғы жағдайға 4,9 мың теңге, барлығы 34,2 мың теңге қалдық қалып, игерілмегені анықталды. Яғни, 34,2 мың теңге тиімсіз жоспарланған деп есептейміз.

- 2024 жылы Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді даму, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мақтаарал мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорының №KZ138562203113474900 есеп шотында жыл соңында, яғни 31.12.2023 жылғы жағдайға 152,3 мың теңге және №KZ578562203113474884 есеп шотында жыл соңында, яғни 31.12.2023 жылғы жағдайға 198,8 мың теңге, барлығы 351,1 мың теңге қалдық қалып, игерілмегені анықталды. Яғни, 351,1 мың теңге тиімсіз жоспарланған деп есептейміз.

- 2025 жылы Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді даму, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мақтаарал мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорының №KZ138562203113474900 есеп шотында жыл соңында, яғни 31.12.2023 жылғы жағдайға 235,0 мың теңге және №KZ578562203113474884 есеп шотында жыл соңында, яғни 31.12.2023 жылғы жағдайға 186,2 мың теңге, барлығы 421,2 мың теңге қалдық қалып, игерілмегені анықталды. Яғни, 421,2 мың теңге тиімсіз жоспарланған деп есептейміз.

6. «Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді даму, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша **6 992,0 мың теңге қаржы тиімсіз жоспарланған.**

- 2023 жыл басына 457052 бюджеттік бағдарламасы бойынша 1 000,0 мың теңгеге жоспарланып, бекітілген. Алайда, жыл соңына қаржы игерілмеген. *Яғни, 1 000,0 мың теңге қаржы тиімсіз жоспарланған деп санаймыз.*

- 2024 жыл басына 457052 бюджеттік бағдарламасы бойынша 313 030,0 мың теңгеге жоспарланып, бекітілген. Алайда, жыл соңына 5 992,0 мың теңге қаржы қысқартылып, 303 038,0 мың теңгені құраған. *Яғни, 5 992,0 мың теңге қаржы тиімсіз жоспарланған деп санаймыз.*

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 4-бабының 9) тармақшасының «негізділік принципі» және 12) тармақшасының «тиімділік қағидаты» талаптары сақталмаған.

7.Мақтаарал ауданының «Атакент кенті әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша **29 268 мың теңге** (2023 жылы 16102,0 мың теңге, 2024 жылы 9518,0 мың теңге және 2025 жылы 3648,0 мың теңге) **қаржы тиімсіз жоспарланған.**

- 2023 жыл басына 124008 бюджеттік бағдарламасы бойынша 16 102,0 мың теңгеге жоспарланып, бекітілген. Алайда, жыл соңына 16 102,0 мың теңге қаржы қысқартылған. *Яғни, 16 102,0 мың теңге қаржы тиімсіз жоспарланған деп санаймыз.*

- 2024 жыл басына 124009 бюджеттік бағдарламасы бойынша 10 000,0 мың теңгеге жоспарланып, бекітілген. Алайда, жыл соңына 1 373,0 мың теңге қаржы қысқартылып, 8 627,0 мың теңгені құраған. *Яғни, 1 373,0 мың теңге қаржы тиімсіз жоспарланған деп санаймыз.*

- 2025 жыл басына 124009 бюджеттік бағдарламасы бойынша 15 000,0 мың теңгеге жоспарланып, бекітілген. Алайда, жыл соңына 1 500,0 мың теңге қаржы қысқартылып, 13500,0 мың теңгені құраған. *Яғни, 1 500,0 мың теңге қаржы тиімсіз жоспарланған деп санаймыз.*

- 2025 жыл басына 124022 бюджеттік бағдарламасы бойынша 6 625,0 мың теңгеге жоспарланып, бекітілген. Алайда, жыл соңына 2 148,0 мың теңге қаржы қысқартылып, 4 477,0 мың теңгені құраған. *Яғни, 2 148,0 мың теңге қаржы тиімсіз жоспарланған деп санаймыз.*

8. Мақтаарал ауданының «Нұрлыбаев әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша **2797,0 мың теңге** (2023 жылы 2062,0 мың теңге, 2024 жылы 208,0 мың теңге және 2025 жылы 715,0 мың теңге) **қаржы тиімсіз жоспарланған.**

- 2023 жылы 124001 «Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы 49 869,0 мың теңгеге бекітілген.

2023 жыл басына 124001 бюджеттік бағдарламасы бойынша 51 330,0 мың теңгеге жоспарланып, бекітілген. Алайда, жыл соңына 1 461,0 мың теңге қаржы қысқартылып, 49 869,0 мың теңгені құраған. *Яғни, 1 461,0 мың теңге қаржы тиімсіз жоспарланған деп санаймыз.*

- 124008 «Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру» бюджеттік бағдарламасы 1 200,0 мың теңгеге бекітілген.

2023 жыл басына 124008 бюджеттік бағдарламасы бойынша 1 500,0 мың теңгеге жоспарланып, бекітілген. Алайда, жыл соңына 300,0 мың теңге қаржы қысқартылып, 1 200,0 мың теңгені құраған. *Яғни, 300,0 мың теңге қаржы тиімсіз жоспарланған деп санаймыз.*

-124009 «Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы 1 199,0 мың теңгеге бекітілген.

2023 жыл басына 124009 бюджеттік бағдарламасы бойынша 1 500,0 мың теңгеге жоспарланып, бекітілген. Алайда, жыл соңына 301,0 мың теңге қаржы қысқартылып, 1 199,0 мың теңгені құраған. *Яғни, 301,0 мың теңге қаржы тиімсіз жоспарланған деп санаймыз.*

- 124022 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы 474,0 мың теңгеге бекітілген.

«Мақтаарал аудандық мәслихатының «2024-2026 жылдарға арналған аудан бюджеті туралы» 2023 жылғы 27 желтоқсандағы мемлекеттік мекемесінің жергілікті мәслихат сессиясында талқыланып мақұлданған. 2024-2026 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламаларын бекіту туралы» №11-75-VIII өкімімен бюджеттік бағдарламалары мерзімінде бекітілген және жобасы мекеменің жиналысында талқыланып, ұсынымдарды тұжырымдау хаттамасы түзіліп, бюджет келісілген. Сонымен қатар, мекеменің жиналысында бюджеттің кірістері мен шығыстарына өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, хаттамалар түзілген. Атап айтқанда: 2024 жылы 124001 «Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы 56 338,0 мың теңгеге бекітіліп, 7 706,0 мың теңгеге ұлғайған.

124008 «Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру» бюджеттік бағдарламасы 1 500,0 мың теңгеге бекітілген.

124009 «Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы 1 500,0 мың теңгеге бекітіліп, 20,0 мың теңгеге кеміген.

2024 жыл басына 124009 бюджеттік бағдарламасы бойынша 1 500,0 мың теңгеге жоспарланып, бекітілген. Алайда, жыл соңына 20,0 мың теңге қаржы қысқартылып, 1 480,0 мың теңгені құраған. *Яғни, 20,0 мың теңге қаржы тиімсіз жоспарланған деп санаймыз.*

-124011 «Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру» бюджеттік бағдарламасы 13 500,0 мың теңгеге бекітіліп, 3 500,0 мың теңгеге ұлғайған.

124013 «Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы 3 116,0 мың теңгеге бекітілген.

124022 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы 8 561,0 мың теңгеге бекітілген.

«Мақтаарал аудандық мәслихатының «2025-2027 жылдарға арналған аудан бюджеті туралы» 2024 жылғы 26 желтоқсандағы мемлекеттік мекемесінің жергілікті мәслихат сессиясында талқыланып мақұлданған.

2025-2027 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламаларын бекіту туралы» №25-159-VIII өкімімен бюджеттік бағдарламалары мерзімінде бекітілген және жобасы мекеменің жиналысында талқыланып, ұсынымдарды тұжырымдау хаттамасы түзіліп, бюджет келісілген. Сонымен қатар, мекеменің жиналысында бюджеттің кірістері мен шығыстарына өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, хаттамалар түзілген. Атап айтқанда: 2025 жылы 2025 жылы 124001 «Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы 64 677,0 мың теңгеге бекітіліп, 12 142,0 мың теңгеге ұлғайған.

124008 «Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру» бюджеттік бағдарламасы 1 000,0 мың теңгеде бекітілген.

124009 «Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы 2 000,0 мың теңгеге бекітіліп, 715,0 мың теңгеге кеміген.

2025 жыл басына 124009 бюджеттік бағдарламасы бойынша 2 000,0 мың теңгеге жоспарланып, бекітілген. Алайда, жыл соңына 715,0 мың теңге қаржы қысқартылып, 1 285,0 мың теңгені құраған. *Яғни, 715,0 мың теңге қаржы тиімсіз жоспарланған деп санаймыз.*

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 4-бабының 9) тармақшасының «негізділік принципі» және 12) тармақшасының «тиімділік қағидаты» талаптары сақталмаған.

**Нәтижесінде 8 мекемеде барлығы 30 116 681,0 мың теңге қаржы тиімсіз жоспарланған.**

#### ***Тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражаты туралы***

**20-тармақ.** Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 04 желтоқсандағы №95-IV «Бюджет Кодексінің» 3 бабының 1 тармағының 12-4 тармақшасының, 4 бабы 6,12 тармақшасының (тиімділік принципі- бюджет қаражатының бекітілген көлемін пайдалана отырып, ең үздік тікелей және түпкілікті нәтижеге қол жеткізу немесе бюджет қаражатының аз көлемін пайдаланып, тікелей және түпкілікті нәтижеге қол жеткізу қажеттігін негізге ала отырып, бюджетті әзірлеу және атқару) талаптары сақталмауынан мына төмендегі мекемелерде тиімсіз пайдаланылған қаржылар орын алған.

«Мақтаарал ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінде **365,7 мың теңге** тиімсіз пайдаланылған қаржы.

2023 жылы, Мекеме 111 «Еңбекақы», 121 «Әлеуметтік салық», 122 «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар», 124 «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар», 169 «Өзге де ағымдағы шығындар» ерекшелігі бойынша 180,6 мың теңге төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы, әлеуметтік салық төлемдерін уақтылы аудармағаны үшін өсімпұлға аударылған.

2023 жылы 180,6 мың теңге бюджет қаражаты тиімсіз пайдаланылған.

2024 жылы, 169 Мекеме «Өзге де ағымдағы шығындар» ерекшелігі бойынша 137,1 мың теңге төлем көзінен салық салынатын табыстардан

ұсталатын жеке табыс салығы, әлеуметтік салық төлемдерін уақтылы аудармағаны үшін өсімпұлға аударылған.

2024 жылы 137,1 мың теңге бюджет қаражаты тиімсіз пайдаланған.

2025 жылы, 169 Мекеме «Өзге де ағымдағы шығындар» ерекшелігі бойынша 48,0 мың теңге төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы, әлеуметтік салық төлемдерін уақтылы аудармағаны үшін өсімпұлға аударылған.

2025 жылы 48,0 мың теңге бюджет қаражаты тиімсіз пайдаланған.

«Мақтаарал ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Отбасын қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде **162,6 мың теңге** тиімсіз пайдаланылған қаржы.

2024 жылы 169 Мекеме «Өзге де ағымдағы шығындар» ерекшелігі бойынша 36,4 мың теңге төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы, әлеуметтік салық төлемдерін уақтылы аудармағаны үшін өсімпұлға аударылған.

2025 жылы 169 Мекеме «Өзге де ағымдағы шығындар» ерекшелігі бойынша 126,2 мың теңге төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы, әлеуметтік салық төлемдерін уақтылы аудармағаны үшін өсімпұлға аударылған.

Мақтарал ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Мақтаарал мүгедек балаларды оңалту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2025 жылы, Мекеме 169 «Өзге де ағымдағы шығындар» ерекшелігі бойынша 25,6 мың теңге зейнетақы төлемдерін уақтылы аудармағаны үшін өсімпұлға аударылған. Яғни **25,6 мың теңге** бюджет қаражаты тиімсіз пайдаланған.

«Мақтаарал ауданының «Достық ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде 124001 «Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» 122 «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар», 124 «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар» және 169 «Өзге де ағымдағы шығындар» ерекшеліктер бойынша 224,4 мың теңге төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы, әлеуметтік салық төлемдерін уақтылы аудармағаны үшін өсімпұлға аударылған. **224,4 мың теңге** бюджет қаражаты тиімсіз пайдаланған.

«Мақтаарал ауданының «Мырзакент кенті ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде 124001 «Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» 116 «Жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы жарналары», 122 «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар», 124 «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар» және 169 «Өзге де ағымдағы шығындар» ерекшеліктер бойынша 153,4 мың теңге төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы, әлеуметтік салық төлемдерін уақтылы аудармағаны үшін өсімпұлға аударылған. **153,4 мың теңге** бюджет қаражаты тиімсіз пайдаланған.

«Мақтаарал ауданының «Иіржар ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде тиімсіз пайдаланылған қаржы **6,5 мың теңге**.

2024 169 «Өзге де ағымдағы шығындар» ерекшелігінен 20,0 мың теңге жоспарланып, игерілген. Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары кешіктіріліп төленгені үшін 2,4 мың теңге өсімпұл төленген.

2025 жылы 169 «Өзге де ағымдағы шығындар» ерекшелігінен 5,0 мың теңге жоспарланып, игерілген. Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары кешіктіріліп төленгені үшін 4,1 мың теңге өсімпұл төленген.

«Мақтаарал ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде тиімсіз пайдаланылған қаржы **9,2 мың теңге**.

2024 жылы «Әлеуметтік салық» аударымдарды уақытылы аударылмағаны үшін өсімпұлға (28.05.24 жылы № 4543515/24-159 төлем шотымен 0,7 мың теңге, 20.06.24 жылы №4543515/24-190 төлем шотымен 1,5 мың теңге, 16.05.24 №4543515/24-142 шотымен 3,5 мың теңге, яғни жалпы 5,7 мың теңге бюджет қаражаты тиімсіз жұмсалған.

Сонымен қатар, 2024 жылы міндетті зейнетақы қорына аударымдарды уақытылы аударылмағаны үшін өсімпұлға 3,5 мың теңге (28.05.24 жылы № 4543515/24-158 төлем шотымен 3,5 мың теңге бюджет қаражаты тиімсіз жұмсалған.

Мақтаарал ауданының «Мақтаарал ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде тиімсіз пайдаланылған қаржы **85,0 мың теңге**.

2024 жылы жеке табыс салығын уақытылы аударылмағаны үшін өсімпұлға 25,0 мың теңге (24.02.24 жылы № 1243582/24-102 төлем шотымен),

-жеке табыс салығын уақытылы аударылмағаны үшін өсімпұлға 5,2 мың теңге (14.03.24 жылы № 1243582/24-153 төлем шотымен),

міндетті зейнетақы қорына аударымдарды уақытылы аударылмағаны үшін өсімпұлға 1,2 мың теңге (14.03.24 жылы № 1243582/24-154 төлем шотымен), -

-міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарнасын уақытылы аударылмағаны үшін өсімпұлға 1,8 мың теңге (14.03.24 жылы № 1243582/24-155 төлем шотымен),

-жеке табыс салығын уақытылы аударылмағаны үшін өсімпұлға 1,5 мың теңге (03.10.24 жылы № 1243582/24-430 төлем шотымен),

-жеке табыс салығын уақытылы аударылмағаны үшін өсімпұлға 35,5 мың теңге (26.12.24 жылы № 1243582/24-565 төлем шотымен),

-міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарнасын уақытылы аударылмағаны үшін өсімпұлға 3,8 мың теңге (26.12.24 жылы № 1243582/24-568 төлем шотымен),

-міндетті зейнетақы қорына аударымдарды уақытылы аударылмағаны үшін өсімпұлға 10,0 мың теңге (26.12.24 жылы № 1243582/24-566 төлем шотымен) және 1,0 мың теңге (26.12.24 жылы № 1243582/24-567 төлем шотымен) бюджет қаражаты тиімсіз жұмсалған.

Сондай-ақ Мекеменің бюджеттік өтінімдерінде көрсетілген қаржыға жоспарланған шығыстарды негіздеу үшін құрылыс жөндеу жұмыстары бойынша сметалық құжаттама мен дефекті актісі қоса ұсынылмаған.

Бұл дегеніміз, сол кезде қолданыстағы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы №511 бұйрығымен бекітілген Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну Қағидасының 41 тармағының талаптарының бұзылуы болып табылады.

Мемлекеттік мекеменің бюджеттік өтінімдерінде бюджет қаражатын оңтайлы және тиімді жұмсау мақсатында құрылыс жөндеу жұмыстары бойынша сметалық құжаттама жасау үшін негіз болып табылатын дефекті актілерінің ұсынылмауы, бюджет жобасына шығыстарды енгізгенде олардың көлемдерінің негізділігін айқындау үшін нормативтік құқықтық актілер және басқа да құжаттар негізінде жоспарламауы, сонымен қатар құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде, құрылыс элементтерінің техникалық жай-күйін, құрылыстардың сенімділігі мен орнықтылығына, сондай-ақ объектіні кейіннен пайдалануға ықтимал әсерін анықтау мақсатында күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін негіз болып табылатын, нысанды қалпына келтіруге бағытталған жөндеу түрі анықталатын ақау актісі (дефектний акт) жасалмауы, құрылыс жұмыстарының сараптамадан өтпеген, бекітілмеген, жобалау сметалық құжаттамасыз жүргізілуі негізділік, тиімділік сияқты бюджеттік жүйесінің принциптері бұзылады.

Мақтаарал ауданының «Атакент кенті әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде 2025 жылы 011-015-159 «Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру» бюджеттік бағдарламасынан барлығы **158 630,8 мың теңге** игерілген қаржы (оның ішінде, құны 154 537,6 мың теңге тұратын мердігер мекеме «Қызымет» ЖШС-гі жүргізген «Мақтаарал ауданы Атакент кентіндегі қоршауларды ауыстыру жұмыстары және ағын су науаларын орнату» құрылыс жұмыстары және осы құрылысқа «АСКОС» ЖШС-гі атқарған техникалық қадағалау соммасы 4 093,2 мың теңге) тиімсіз пайдаланған деп есептейміз.

Ал, Мақтаарал ауданының «Ж.Нұрлыбаев ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде 2025 жылы 011-015-159 «Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру» бюджеттік бағдарлама бойынша барлығы 20 000,0 мың теңге қаржы жоспарланып, нақты игерілген **20 000,0 мың теңге** тиімсіз пайдаланған деп есептейміз.

**Нәтижесінде 10 мекемеде барлығы 179 663,2 мың теңге қаржы тиімсіз пайдаланылған.**

### ***Рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар мен кемшіліктер туралы***

**21-тармақ.** Аудиторлық іс-шара аясында 30 аудит объектілерінде жалпы 110 бірлікті (оның ішінде бюджет заңнамасының бұзушылықтары – 43, бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезінде заңнама бұзушылықтары – 32, құрылыс және қала құрылысы саласындағы заңнаманы бұзушылықтар – 12, өзге де салалық заңнама бұзушылықтары – 23) құрайтын рәсімдік сипаттағы кемшіліктер мен бұзушылықтар анықталды.

Осы анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің бірқатарына тоқталып өтсек.

Кәсіпорынның бухгалтерлік есебі мен қаржылық есептілігі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасымен реттелген.

Осы Заң Қазақстан Республикасындағы бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйесін реттейді, бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау принциптерін, негізгі сапалық сипаттамалары мен ережелерін белгілейді.

Бухгалтерлік құжаттама бастапқы құжаттарды, бухгалтерлік есеп тіркелімдерін, қаржылық есептілікті және есеп саясатын қамтиды.

Есеп саясаты Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына, халықаралық немесе ұлттық стандарттарға, шағын және орта бизнеске арналған халықаралық стандартқа және бухгалтерлік есеп шоттарының үлгі жоспарына сәйкес, олардың қажеттіліктері мен қызмет ерекшеліктері негізге алына отырып, бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау үшін дара кәсіпкер немесе ұйым қолдануға қабылдаған нақты принциптерді, негіздерді, ережелерді, тәртіп пен практиканы білдіреді.

2023-2025 жылдары жалақы төлеу кезінде әрбір жұмыскерге жазбаша немесе электрондық нысанда ай сайын хабарлауға міндетті тиісті кезең ішінде оған тиесілі жалақының құрамдас бөліктері, жүргізілген ұстап қалулардың мөлшерлері мен негіздері туралы, оның ішінде ұстап қалынған және аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы, сондай-ақ төлеуге тиісті жалпы ақша соммасы туралы мәліметтер хабарланбаған. Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек Кодексінің 113 бабының 2 тармағының талаптары сақталмаған.

Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы Заңының 2 бап 3-1 тармағына сәйкес «Егер осы бапта өзгеше көзделмесе, орта кәсіпкерлік субъектілері, сондай-ақ жедел басқару құқығына негізделген мемлекеттік кәсіпорындар (қазыналық кәсіпорындар) қаржылық есептілікті шағын және орта бизнес ұйымдарына арналған халықаралық стандартқа сәйкес жасайды».

Алайда, Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы Заңының 2 бап 3-1 тармағының талаптары сақталмай, Кәсіпорын Жарғысының 42 тармағында «Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша қаржылық есептіліктің ұлттық стандарттарына сәйкес Кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырады» делінген.

*Мемлекеттік аудит, аудит объектісінде рәсімдік сипаттағы құрылыс және қала құрылысы саласындағы заңнаманы талаптарының сақталмауын көрсетті:*

Тапсырысшы «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі №242 Заңымен

бекітілген міндеттерін және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің «Бюджет қаражаты және мемлекеттік инвестициялардың өзге де нысандары есебінен объектілерді салуға арналған жобаларды (техникалық-экономикалық негіздемелерді және жобалау-сметалық құжаттаманы) бекіту қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 2 сәуірдегі №304 бұйрығының 3-тарау 16 тармақ талаптарын сақтамаған.

Тапсырысшы осы анықталған кемшіліктерді ескере, Бас мердігерді Жосықсыз сатып алуға қатысушылардың тізіліміне енгізуге сотқа жүгінуге міндетті. Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V ҚРЗ 318-бабына сәйкес 50 АЕК айыппұл лауазымды тұлғаға қарастырылған

Атап айтқанда, «Мақтаарал ауданы әкімдігінің «Мақтаарал аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі тарапынан Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 25 тамыздағы №883 бұйрығымен бекітілген Республикалық маңызы бар қалаларды, астананы және олардың агломерацияларын қоспағанда, әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалдарын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығындарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау қағидаларының (бұдан әрі-қағидалары) 15 тармағының талаптары сақталмай, Мақтаарал ауданы бойынша әлеуметтік маңызы бар маршруттарды субсидиялау туралы 03.01.2024 жылғы № 4 және 05.01.2025 жылғы №5 шарттарда жылдар бөлінген үш жылға болжамдалған жолаушыларды тасымалдау саны, жылдарға бөлінген үш жылға субсидиялау сомасы, белгіленген тарифті (тарифтердің торын), маршрут бойынша Әдістемеге сәйкес айқындалған тарифті және қағидалардың 4-тарауына сәйкес маршрут бойынша жалпы жылдық жүрісіне (километр) сүйене отырып, тұрақты автобус тасымалдауларын жүзеге асыру үшін маршрут құны анықталған кезде жылдар қимасында үш жылғы маршрутта жүріп өткен болжамдық жалпы жиынтық жолын (километр) көзделмеген.

Мақтаарал ауданы, Бірлік ауыл округі, Алғабас елді мекеніндегі ауылдық мәдениет үйін күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу құрылысы жобалау-сметалық құжаттарында құрылыс жүргізу мерзімі 4 ай деп белгіленген. Бірақ нақты құрылыс монтаж жұмыстары 2023 жылдың ақпан айында басталып 2025 жылдың маусым айында аяқталған. Яғни құрылыс монтаж жұмыстары 5 ай жүргізілген. Аяқталған құрылыс монтаж жұмыстарында бекітілген және сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттамада белгіленген мерзімдері сақталмаған.

Мақтаарал ауданы, Қалыбеков ауылдық округіндегі орталық мәдениет үйі мен балалар алаңы бар жазғы кинотеатрды күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу құрылысы жобалау-сметалық құжаттарында құрылыс жүргізу мерзімі 7 ай деп белгіленген. Бірақ нақты құрылыс монтаж жұмыстары 2025 жылдың ақпан айында басталып, 2025 жылдың қараша айында аяқталған. Яғни, құрылыс монтаж жұмыстары 9 ай жүргізілген. Аяқталған құрылыс монтаж

жұмыстарында бекітілген және сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттамада белгіленген мерзімдері сақталмаған.

«Мақтаарал ауданы Атакент кентіндегі қоршауларды ауыстыру жұмыстары және ағын су науаларын орнату» құрылыс жұмыстарын мердігер «Қызымет» ЖШС-гі 2024 және 2025 жылдары жүргізген. Құрлыстың жалпы құны 154 537,6 мың тенгені құраған. Құрылыс жұмыстары сараптамадан өтпеген, бекітілмеген, жобалау сметалық құжаттамасыз жүргізілген.

Ж.Нұрлыбаев ауылдық округіне қарасты Өркен елді мекенінде футбол ойындарына арналған ойын алаңын орнату бойынша құрылыс жұмыстарын мердігер «Kaz Remont Kapital» ЖШС-гі 2025 жылы жүргізген. Объект 2026 жылға өтпелі. Құрлыстың жалпы құны 40 853,48 мың тенгені құраған. 2025 жылы 20 000,0 мың тенгенің жұмысы атқарылған.

Құрылыс жұмыстары сараптамадан өтпеген, бекітілмеген, жобалау сметалық құжаттамасыз жүргізілгені анықталған.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2022 жылғы 21 маусымдағы «Азаматтық, өндірістік ғимараттар мен құрылыстарды реканструкциялау, күрделі және ағымдағы жөндеу» №121-НҚ бұйрығының 3.2, 7.10 тармақтарының талаптары бұзылып:

Мердігер мекеме «Қызымет» ЖШС-гі 2024 және 2025 жылдары 154 537,6 мың тенгеге жүргізген «Мақтаарал ауданы Атакент кентіндегі қоршауларды ауыстыру жұмыстары және ағын су науаларын орнату» құрылыс жұмыстарын жүргізу үшін құрылыс элементтерінің техникалық жай-күйін, құрылыстардың сенімділігі мен орнықтылығына, сондай-ақ объектіні кейіннен пайдалануға ықтимал әсерін анықтау мақсатында күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін негіз болып табылатын, нысанды қалпына келтіруге бағытталған жөндеу түрі анықталатын төмендегі бұйрықтың Г-қосымшасына сәйкес тиісті нысан бойынша жасалатын құжат ақау актісі (дефектный акт) жасалмаған.

Мердігер «Kaz Remont Kapital» ЖШС-гі 2025 жылы жүргізген Ж.Нұрлыбаев ауылдық округіне қарасты Өркен елді мекенінде футбол ойындарына арналған ойын алаңын орнату бойынша құрылыс жұмыстарын жүргізу үшін құрылыс элементтерінің техникалық жай-күйін, құрылыстардың сенімділігі мен орнықтылығына, сондай-ақ объектіні кейіннен пайдалануға ықтимал әсерін анықтау мақсатында күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін негіз болып табылатын, нысанды қалпына келтіруге бағытталған жөндеу түрі анықталатын төмендегі бұйрықтың Г-қосымшасына сәйкес тиісті нысан бойынша жасалатын құжат ақау актісі (дефектный акт) жасалмағаны анықталған.

***Аудит объектісінде сарапшылардың сараптамамалық қорттындысы негізінде*** «Мақтаарал ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты объектілер бойынша бекітілген сметадағы жұмыстарды орындамау салдарынан;

*«Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Жамбыл а/о, Жалын е/м мәдениет үйі және кітапхана құрылысы» нысаны бойынша;*

2020 жылғы I тоқсандағы ағымдағы бағамен жасалып, сметалық құны шеңберінде алу-қосу актілерін ескере отырып отырып: *Бекітілген сметадағы орындалмаған жұмыстар 8 552 534 теңге;*

*«Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мақтарал ауылдық округі, Өркениет елді мекенінде дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы» нысаны бойынша;*

2020 жылғы ағымдағы бағамен 01.07.2020ж. жасалып, сметалық құны шеңберінде алу-қосу актілерін ескере отырып: *Бекітілген сметадағы орындалмаған жұмыстар – 40 851 385 теңге;*

*«Мақтаарал ауданы, Мырзакент орталық саябағын қайта құру» (түзету) нысаны бойынша;*

2022 жылғы ағымдағы бағамен жасалып, сметалық құны шеңберінде алу-қосу актілерін ескере отырып: *Бекітілген сметадағы орындалмаған жұмыстар – 18 236 970 теңгені құраған.*

Яғни, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі №242 Заңымен бекітілген міндеттерін және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің «Бюджет қаражаты және мемлекеттік инвестициялардың өзге де нысандары есебінен объектілерді салуға арналған жобаларды (техникалық-экономикалық негіздемелерді және жобалау-сметалық құжаттаманы) бекіту қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 2 сәуірдегі №304 бұйрығының 3-тарау 16 тармақ талаптарын сақталмаған.

**22-тармақ.** Аудитпен қамтылған мерзім аралығында Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесінің» 178 тармағының талаптары сақталмай (*Шығыстардың экономикалық сыныптамасының 151 «Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу» ерекшелігі үшін аванстық (алдын ала) төлемге рұқсат етілмейді*) төменде көрсетілген мекемелер бойынша дебиторлық қарыздар орын алған:

- «Мақтаарал ауданының экономика және қаржы бөлімі» ММ – 888,9 мың теңге;

- Мақтаарал ауданының «Мақтаарал ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ – 46,0 мың теңге;

- Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мақтаарал аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» ММ – 1,2 мың теңге;

Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мырзакент спорт клубы» КММ – 291,7 мың теңге;

**Бұдан бөлек, аудит объектілерінде жиі орын алатын рәсімдік сипаттағы кемшіліктер мен бұзушылықтар:**

- бюджеттік өтінімді жасау барысында кемшіліктер мен бұзушылықтар (*«Мақтаарал ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Мақтаарал ауданының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі, Мақтаарал ауданының*

мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мақтаарал» футбол клубы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Мақтаарал ауданының «Жаңа жол ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі, Мақтаарал ауданының «А.Қалыбеков ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі, Мақтаарал ауданының «Атакент кенті әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, Мақтаарал ауданының «Ж.Нұрлыбаев ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі,);

- бюджеттік бағдарлама тікелей нәтиже көрсеткішінің болмауы («Мақтаарал ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі);

- бекітілген және нақтыланған бюджеттік бағдарламаларды интернет-ресурсында орналастырылмауы немесе кешіктіріп орналастырылуы («Мақтаарал ауданының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Мақтаарал ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Мақтаарал ауданының «Ііржар ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, Мақтаарал ауданының «Мақтаарал ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі );

- негізгі құралдарға түгендеу жұмыстарының сапалы жүргізілмеуі (Мақтарал ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Мақтаарал мүгедек балаларды оңалту орталығы коммуналдық мемлекеттік мекемесі, "Мақтаарал ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі, Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Тілдерді оқыту және дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Мақтаарал ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, "Мақтаарал ауданының "Достық ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі, "Мақтаарал ауданының "Мырзакент кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі, Мақтаарал ауданының «А.Қалыбеков ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі, Мақтаарал ауданының «Атакент кенті әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, Мақтаарал ауданының «Ж.Нұрлыбаев ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі,);

- жалақы төлеу кезінде әрбір жұмыскерге жазбаша немесе электрондық нысанда ай сайын хабарлауға міндетті тиісті кезең ішінде төленуге тиісті жалпы ақша сомасы туралы мәліметтердің хабарланбауы (Ішкі саясат бөлімі, «Жастар ресурстық орталығы» КММ, Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мырзакент спорт клубы» КММ, Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мәдениет үйі» МКҚК, Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі мемлекеттік мекемесі, "Мақтаарал ауданының "Жамбыл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі, "Мақтаарал ауданының "Жаңа жол ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі, Мақтаарал ауданының «А.Қалыбеков ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі, Мақтаарал ауданының «Атакент кенті әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, Мақтаарал ауданының «Ж.Нұрлыбаев ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі,);

Бұл бұзушылықтарға жол беру себептері, қолданыстағы заңнама талаптарын сақтамау, сондай-ақ бюджет қаражатын жұмсаудың негізділігі мен заңдылығы бөлігінде басшылық тарапынан әлсіз бақылау болып табылады.

Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының заң нормаларын зерттеу барысында олардың төмендегі сәйкессіздігі анықталды.

**23-тармақ.** Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 12.05.2025 жылғы №223 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік

есепке алуды жүргізу Қағидаларының 30-тармақтың екінші абзацында орысша нұсқасында «В случаях приобретения товаров, выполнения работ, оказания услуг – документы являющиеся основанием для проведения расходов по обязательствам государственного учреждения как с применением норм законодательства Республики Казахстан о государственных закупках, так и без них (гражданско-правовые сделки на приобретение товаров (работ, услуг), счет к оплате, счета-фактуры, акты выполненных работ или другие документы, установленные Правилами исполнения бюджета и его кассового обслуживания, утвержденными центральным уполномоченным органом по исполнению бюджета (далее – Правила исполнения бюджета), пронумеровываются, прошнуровываются и сброшюровываются в номенклатурные дела в хронологическом порядке.» делінгенімен, осы тармақтың қазақша нұсқасында «Тауарларды сатып алу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету жағдайларында – Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының нормалары қолданыла отырып, және онсыз мемлекеттік мекеменің міндеттемелері (тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алуға арналған азаматтық-құқықтық мәмілелер) бойынша шығыстар жүргізу үшін негіздеме болып табылатын құжаттар, төлеуге берілетін шот, шот-фактуралар, орындалған жұмыстардың актілері немесе "Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №9934 болып тіркелген) бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесінде (бұдан әрі – Бюджетті атқару ережелері) белгіленген басқа да құжаттар номенклатуралық істерде хронологиялық тәртіпте нөмірленеді, тігінделеді және тігіледі.» - деп көрсетілген.

Алайда, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 2 шілдедегі №339 бұйрығымен ҚР Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 бұйрығының күші жойылған.

Яғни, осы тармақтың қазақша нұсқасы өзектендірілмеген және орыс нұсқасына сәйкес келмейді.

Осыған орай, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 12.05.2025 жылғы №223 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу Қағидаларының 30-тармақтың қазақша нұсқаны өзектендіру және оны орыс нұсқасына сәйкестендіру ұсынылады.

Қорыта келгенде, Мекемелерде нормативтік-құқықтық актілерді зерделеуді тұрақты негізде енгізу, қолданыстағы заңнамаға сәйкес бюджет қаражаты мен мемлекет активтерін тиімді пайдалану жөніндегі жұмыстарды жалғастыру қажет.

**2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе).**

Мақтаарал ауданында өнеркәсіп, шағын және орта бизнес, туризм, білім, денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы, мәдениет, спорт, тұрғын үй құрылысы, тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым жүйелері, аббаттандыру және көгалдандыру салаларындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын мемлекеттік органдар ретінде әкімдікке қарасты мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың қызметін талдау жалпы аудит объектілерімен іске асырылатын міндеттер мен функциялар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген.

Мақтаарал ауданының негізгі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерін талдау барысында 2023 жылға арналған статистикалық мәліметтерге сәйкес, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, экономиканың нақты секторы, әлеуметтік саланың негізгі көрсеткіштері қамтылды.

Мақтаарал ауданының негізгі кәсібі, ауыл шаруашылығы болып табылады.

Мақтаарал ауданының негізгі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің 2023 жылы орындалуы төмендегідей:

Мақтаарал ауданының 2023 жылғы жалпы өңірлік өнімі 139 158,6 млн. теңгені құрап, өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда (116 552,1 млн. теңге) 22 606,5 млн. теңгеге артқан немесе 119,4 пайызға өскен.

Халық саны 129 750 адамды құрап (2022 жылы 129 053 адам), өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда халық саны 697 адамға өскен.

2023 жылы Мақтаарал ауданы бойынша жалпы өндірілген өнеркәсіп өнімінің көлемі 25 748,8 млн. теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда нақты көлем индексі 107,3 % құраған.

2023 жылы аудан бойынша ауыл шаруашылықтың жалпы өнім көлемі 90 108,7 млн. теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда нақты көлем индексі 101,8% құраған.

2023 жылы негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 37 526,2 млн. теңгені құраған, оның ішінде республикалық бюджеттен 8 198,8 млн. теңге, жергілікті бюджеттен 8 194,4 млн. теңге, жеке сектор есебінен 18 545,0 млн. теңге, шетелден тартылған инвестиция 2588,0 млн.теңге.

2023 жылы тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 12 512 бірлікті құраған. Ондағы жұмыспен қамтылғандар саны 17 157 адам.

2023 жылы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерімен өндірілген өнім (тауарлар, қызмет көрсетулер) көлемі 72 799,0 млн.теңге, бұл көрсеткіш өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 170,8 %-ды құраған. Ірі және орта кәсіпорындар мен ұйымдардың саны 6 бірлік.

Бөлшек сауда тауар айналымының көлемі 2023 жылы 7 684,6 млн. теңге, бұл көрсеткіш өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 108,5 пайызға орындалған.

Аудандағы жұмыссыздық деңгейі 2023 жылы 5% құраған. 2023 жылы тіркелген қылмыстардың саны 222 бірлік немесе 2022 жылмен (282) салыстырғанда 60 қылмысқа кеміген немесе 79 пайызға төмендеген.

## **2024 жыл**

Мақтаарал ауданының негізгі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің 2024 жылы орындалуы төмендегідей:

Мақтаарал ауданының 2024 жылғы жалпы өңірлік өнімі 131 952 млн. теңгені құрап, өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда (117 878 млн. теңге) 14 074 млн. теңгеге артқан немесе 112 пайызға өскен.

Халық саны 129,047 мың адамды құрап (2023 жылы 129,726 мың адам), 2023 жылмен салыстырғанда халық саны 0,5% азайған.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес, 2024 жылы Мақтаарал ауданы бойынша жалпы өндірілген өнеркәсіп өнімінің көлемі 20 152,4 млн.теңгені құрап, нақты көлем индексі 88,2% құраған.

2024 жылғы ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 80 652 млн. теңгені құрап, 2023 жылмен салыстырғанда нақты көлем индексі 103,9% құраған.

2024 жылы негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 46 578,2 млн.теңгені құрап, оның ішінде бюджет есебінен 20 093,7 млн.теңге, жеке сектор есебінен 1 722,0 млн.теңге басқа да қаражаттар есебінен 8 962,5 млн.теңге инвестиция тартылған.

Мақтаарал ауданында 2024 жылы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 13 541 бірлікті құрады. Ондағы жұмыспен қамтылғандар саны 16 787 мың адам.

2024 жылы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерімен өндірілген өнім (тауарлар, қызмет көрсетулер) көлемі 70 816 млн. теңге, бұл көрсеткіш 2023 жылмен салыстырғанда 62 %-ға азайды. Ірі және орта кәсіпорындар мен ұйымдардың саны 8 бірлік.

Сауда тауар айналымының көлемі 2024 жылы 14 545,0 млн.теңге, бұл көрсеткіш 2023 жылмен салыстырғанда 122,2%-ға орындалған.

2024 жылы экономикалық белсенді халық саны 48,9 мың адам, 2023 жылмен (51,7) салыстырғанда 94% құраған.

Аудандағы жұмыссыздық деңгейі 2024 жылы 4,9% құрап, 2023 жылғы (4,9%) деңгейде сақталған.

2024 жылы тіркелген қылмыстардың саны 204 бірлік немесе 2023 жылмен (222) салыстырғанда 8,1% азайған.

## **2025 жыл**

Мақтаарал ауданының негізгі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерін талдау барысында 2025 жылға арналған статистикалық мәліметтерге сәйкес, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, экономиканың нақты секторы, әлеуметтік саланың негізгі көрсеткіштері қамтылды.

Мақтаарал ауданының негізгі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің 2025 жылы орындалуы төмендегідей:

Мақтаарал ауданының 2025 жылғы жалпы өңірлік өнімі 165 706,5 млн теңгені құрап, өткен жылдармен салыстырғанда (2024ж 131 952,0 млн. теңге), (2023ж 139 158,6 млн. теңге)

Халық саны 127 412 адамды құрап (2024 жылы 129 047 адам), (2023ж 129 750 адам) өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда халық саны 1 635 адамға кеміген.

2025 жылы Мақтаарал ауданы бойынша жалпы өндірілген өнеркәсіп өнімінің көлемі 24 562,5 млн. теңгені құрап, өткен жылдармен салыстырғанда нақты көлем индексі 104,4 % құраған. (2024ж 20152,4 млн.тг), (2023ж 25 748,7 млн.тг).

2025 жылы аудан бойынша ауыл шаруашылықтың жалпы өнім көлемі 85 740,5 млн. теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда нақты көлем индексі 95,8 құраған.(2024ж 80652,0 млн.тг), (2023ж 90 108,7 млн.тг).

2025 жылы негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 56 445,0 млн. теңгені құраған, оның ішінде республикалық бюджеттен 13 882,1 млн. теңге, жергілікті бюджеттен 4 039,0 млн. теңге, жеке сектор есебінен 26 678,9 млн. теңге, шетелден тартылған инвестиция 11 845,0 млн.теңге.

2025 жылы тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 13 833 бірлікті құраған. Ондағы жұмыспен қамтылғандар саны 16304 адам.

2025 жылы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерімен өндірілген өнім (тауарлар, қызмет көрсетулер) көлемі 114 383 млн.теңге, бұл көрсеткіш өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 161,5%-ды құраған.

Бөлшек сауда тауар айналымының көлемі 2025 жылы 11872,4 млн. теңге, бұл көрсеткіш өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 123,1 пайызға орындалған.

Аудандағы жұмыссыздық деңгейі 2025 жылы 4,7% құраған.

2025 жылы тіркелген қылмыстардың саны 154 бірлік немесе 2024 жылмен (204) салыстырғанда 50 қылмысқа кеміген немесе 32,4 пайызға төмендеген.

Жүргізілген талдау қорытындысы бойынша салаларда өсу қарқыны байқалады, әлі де болса ауданда ішкі ресурстарды тиімді пайдаланылып, потенциалдық мүмкіндіктерді жоғарылатуды талап етеді.

2023 жылы Аудандық бюджеттің кіріс бөлігінде салықтық түсімдер 19,4% немесе 2 719 053,0 мың теңгені, салықтық емес түсімдер 0,25 % немесе 36 105,9 мың теңгені, негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер 0,03 % немесе 5 394,2 мың теңгені, трансферттердің түсімдері 80,2 % немесе 11 204 561,0 мың теңгені құраған.

2023 жылы аудандық бюджетке түскен түсімдер 2022 жылмен салыстырғанда 15 973 146,7 мың теңгеге кеміген (2022 жылғы түсімдер 29 979 761,0 мың теңге).

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша бюджет қаражатының қалдығы 26 562,1 мың теңгені құраған. 2022 жылмен салыстырғанда бюджет қаражатының қалдықтары 24 174,1 мың теңгеге артқан.

2024 жылы аудандық бюджетті нақтылау барысында кірістерге өзгерістер енгізіліп, жоспар 320 044,0 мың теңгеге ұлғайып, 3 680 765,0 мың теңгені нақтыланған. Кірістердің нақты түсімі 3 862 080,7 мың теңгені құрап, жоспар 181 315,7 мың теңгеге немесе 104,9% артық орындалған.

2024 жылға арналған аудандық бюджеттің өзіндік кірістері бойынша жалпы түзетілген бюджет 3 680 7651,0 мың теңге болса, нақты орындалғаны 3 862 080,7 мың теңге, яғни 181 315,7 мың теңгеге немесе 104,9 пайызға артық орындалған. Атап айтқанда:

1. Салықтық түсімдер жоспарланған 3 556 686,0 мың теңгенің орнына 3 673 964,0 мың теңге түсіп, 103,3 %-ды құрап, 117 278,0 мың теңгеге артық орындалған.

2. Салықтық емес түсімдер жоспарланған 31 783,0 мың теңгенің орнына 41 126,2 мың теңге түсіп, жоспар 9343,2 мың теңгеге немесе 129,4 пайызға артық орындалған.

3. Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдердің жылдық жоспары 92 296,0 мың теңгені болса, нақты орындалғаны 146 990,5 мың теңгені құрап, жоспар 54694,5 мың теңгеге немесе 159,3 пайызға артық орындалған.

2025 жылға арналған аудандық бюджет аудандық мәслихаттың 2024 жылғы 25 желтоқсандағы «2025-2027 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» №24-149-VIII санды шешімімен бюджеттің кірісі бойынша 17 млрд 357 млн 780 мың теңге көлемінде бекітілді. Бюджеттің орындалуы барысында аудандық мәслихаттың кезекті және кезектен тыс сессияларында бюджетке 3 рет өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп 2025 жылға анықталған аудандық бюджеттің көлемі кірісі бойынша 17 млрд 319 млн 407 мың теңгені құраған. Республикалық және облыстық бюджет есебінен қаржыландырылатын ресми трансферттерден түсетін түсімдер бойынша анықталған жоспар 15 млрд 322 млн 165 мың теңгенің орнына, нақты түскені 15 млрд 322 млн 165 мың теңге түсіп 100 пайызға орындалған.

Нақтыланған бюджеттің кіріс көздері жергілікті алымдар мен салықтар бойынша 3 млрд 909 млн 882 мың теңге жоспардың орнына нақты орындалғаны 4 млрд 546 млн 392,2 мың теңгені құрап, 116,3 пайызға, немесе 636 510,2 мың теңгеге артығымен орындалды. Жеке тұлғаларға жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу түсімдері 257 млн 111 мың теңгеге жоспарланған болса, 283 млн 413,5 мың теңге түсім түсіріліп жоспар 110,2 пайызға орындалған.

«Корпоративтік табыс салығы» 2017,0 млн теңге соммасында жоспарланса, нақты түсім 181 млн 311,6 мың теңге түсіріліп жоспар 83,5 пайызға орындалып, 35 млн 728,4 мың теңге кем түскен.

«Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы» 1 млрд 314 млн 8540,0 мың теңге сомасында жоспарланса нақты орындалғаны 1 млрд 323 млн 348,7 мың теңге немесе жоспар 100,6 пайызға орындалған.

«Төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы» бойынша анықталған жоспар 410 млн 745 мың теңге, ал нақты түскені 523 млн 828,5 мың теңгені құрап, 127,5 пайыз мөлшерде немесе жоспардан 113 млн 083,5 мың теңгеге артық түскен.

«Төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы» бойынша анықталған жоспар 25 млн 855,0 мың

теңге, ал нақты түскені 28 млн 499,8 мың теңгені құрап, 110,2 пайыз мөлшерде немесе жоспардан 2 млн 644,8 мың теңгеге артық түскен. Төлем резидент емес жеке тұлғалардан түскен.

«Әлеуметтік салық» бойынша анықталған жоспар 1 млрд 204 млн 801,0 мың теңге, ал нақты түскені 1 млрд 346 млн 929,1 мың теңгені құрап, 111,8 пайыз мөлшерде немесе жоспардан 142 млн 128,1 мың теңге артық түскен.

«Заңды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлердің мүлікіне салынатын салықтар» бойынша анықталған жоспар 150 млн 753,0 мың теңге, ал нақты түскені 290 млн 383,1 мың теңгені құрап, 192,6 пайыз мөлшерде орындалып жоспардан 139 млн 630,1 мың теңге артық түскен.

«Жеке тұлғалардың мүлікіне салынатын салық» бойынша анықталған жоспар 17 млн 229,0 мың теңге, ал нақты түскені 18 млн 413,9 мың теңгені құрап, 106,8 пайыз мөлшерде немесе жоспардан 1 млн 184,9 мың теңге артық түскен.

«Елді мекендер жерлеріне жеке тұлғалардан алынатын жер салығы» бойынша анықталған жоспар 7 млн 155,0 мың теңге, ал нақты түскені 8 млн 180,0 мың теңгені құрап, 114,3 пайыз мөлшерде немесе жоспардан 1 млн 025,0 мың теңге артық түскен.

«Заңды тұлғалар көлік құралдарына салынатын салығы» бойынша анықталған жоспар 8 млн 469,0 мың теңге, ал нақты түскені 13 млн 108,5 мың теңгені құрап, 154,8 пайыз мөлшерде орындалып 4 млн 639,5 мың теңге артығымен түскен.

«Жеке тұлғалар көлік құралдарына салынатын салығы» бойынша анықталған жоспар 250 млн 442,0 мың теңге, ал нақты түскені 266 млн 659,0 мың теңгені құрап, 106,5 пайыз мөлшерде немесе жоспардан 16 млн 217,0 мың теңге артық түскен. Жоспардың артық орындалу себебі; берешек қарыздар өндіріліп, жоспар артығымен орындалды.

«Біріңғай жер салығының» анықталған жоспары 102 млн 236,0 мың теңге, ал нақты түскені 125 млн 077,1 мың теңгені құрап, 122,3 пайыз мөлшерде орындалып жоспардан 22 млн 841,1 мың теңге артық түскен.

«Акциз түсімдері» бойынша жалпы жоспар 7 млн 729,0 мың теңгені құраса нақты түсірілгені 8 млн 410,6 мың теңгені құрап 108,8 пайызға орындалып 681,6 мың теңге артығымен түсірілген.

«Жер учаскелерін пайдаланған үшін төлемдер» бойынша анықталған жоспар 1 млн 677,0 мың теңге, ал нақты түскені 3 млн 518,4 мың теңгені құрап, 209,8 пайыз мөлшерде орындалып немесе жоспардан 1 млн 841,4 мың теңгеге артық түскен. Оның себебі жерлерге түгендеу жұмыстары нәтижесінде болып отыр.

«Кәсіпкерлік және кәсіби қызметі үшін алынатын алымдар» бойынша жоспар 2 млн 442,0 мың теңгені құраса нақты 2 млн 493,4 мың теңге түсім түскен яғни жоспар 102,1 пайызға орындалып 51,4 мың теңге артығымен түскен. Түсімнің бәрі кәсіпкерлікпен айналысатын азаматтардан түскен.

«Мемлекеттік баж салық» түсімдері бойынша жоспар 115 млн 759,0 мың теңгені құраса, нақты түсім 204 млн 509,9 мың теңгені құрап, 176,7 пайызға орындалып, 88 млн 750,9 мың теңге артығымен орындалған.

«Салықтық емес түсімдер» бойынша жоспар 7 млн 566,0 мың теңгені құраса, нақты түсім 73 млн 930,1 мың теңгені құрап, 977,1 пайызға орындалып, 66 млн 364,1 мың теңге артық орындалған.

«Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер» бойынша 2025 жылға жоспар 59 млн 623,0 мың теңге, нақты түскені 121 млн 261,3 мың теңгені құрады, орындалуы 203,4 пайыз артығымен орындалып, артығымен 61 млн 638,3 мың теңге түскен.

Мақтаарал ауданы бойынша бюджеттің кіріс бөлігінің болжамын қалыптастыру кезінде өткен жылдардағы төлемдердің түсімінің өсу қарқыны мен серпіні, нақты салықтық база толық ескеріле бермейді, Бұл өз кезегінде, бюджеттің кіріс бөлігінің жоспарлау сапасын одан әрі жетілдіруді қажет етеді.

Жоспарлы тағайындаулардың едәуір асыра орындалуын немесе толық орындалмауын, жыл көлемінде нақтылауларды болдырмау немесе азайту мақсатында түсімдердің мониторингін тұрақты негізде жүргізу қажет деп есептейміз.

### **III. Қорытынды бөлік**

#### **3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар**

Мемлекеттік аудит объектілерінде анықталған бұзушылықтарды аудит объектілері назарға алды және мемлекеттік аудит барысында Тексеру комиссиясының мемлекеттік аудитті жүргізген қызметкерлерімен анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Жалпы, аудиторлық іс-шараның негізгі кезеңінде 22 аудит объектісінде қаржылық бұзушылықтар бойынша барлығы қалпына келтіруге жататын **14 659 363,2** мың теңгенің **14 488 261,8** мың теңгесі қалпына келтіріліп, өтелуге жататын **151 443,1** мың теңгенің **55238,4** мың теңгесі (оның ішінде бюджет қаражатын пайдалану кезінде анықталған қаржылық бұзушылықтар бойынша **55238,4** мың теңге) өтелген.

#### **Анықтама ретінде, аудит объектілері бойынша қалпына келтірілгендер:**

1) Мақтаарал ауданының ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – 1999,9 мың теңге;

2) Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мақтаарал футбол клубы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – 2,7 мың теңге;

3) «Мақтаарал ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі – 7 498 061,2 мың теңге;

4) «Мақтаарал ауданының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жөлаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі – 5 744 944,1 мың теңге;

5) «Мырзакент-Қызмет» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – 48 000,0 мың теңге;

6) «Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мақтаарал мәдениет үйі» МКҚК -683 315,3 мың теңге;

7) Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мырзакент спорт клубы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – 511 938,6 мың теңге.

#### **Өтелгендер:**

1) "Мақтаарал ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің "Мейірім-Шапағат" күндіз болу орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі – 18849,1 мың теңге;

2) «Мақтаарал ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Отбасын қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі -76,8 мың теңге;

3) «Мақтаарал ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Мақтаарал мүгедек балаларды оңалту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – 126,6 мың теңге;

4) «Мақтаарал ауданының «Достық ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі -22,8 мың теңге;

5) "Мақтаарал ауданының "Мырзакент кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі – 158,1 мың теңге;

6) Мақтаарал ауданының ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі– 317,2 мың теңге;

7) Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мақтаарал» футбол клубы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі– 56,2 мың теңге;

8) Мақтаарал ауданының «А.Қалыбеков ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі– 31708,2 мың теңге;

9) «Мақтаарал ауданының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі – 50,5 мың теңге;

10) «Мақтаарал ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі – 133,0 мың теңге;

11) «Мақтаарал ауданының «Иіржар ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі – 31,4 мың теңге;

12) «Мырзакент-Қызмет» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – 3708,5 мың теңге;

Сонымен қатар, аудиторлық іс-шараның негізгі кезеңінде барлығы

## **23 жауапты лауазымды тұлғаларға тәртіптік шаралар қолданылған.**

### **Анықтама ретінде:**

«Мақтаарал ауданының әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ-1, «Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мырзакент спорт клубы» КММ-1, «Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мақтаарал мәдениет үйі» МКҚК-1, «Мақтаарал аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ-1, «Мақтаарал ауданының «Жамбыл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-1, «Мақтаарал ауданының «Ж.Нұрлыбаев ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-1.«Мақтаарал ауданының ішкі саясат бөлімі» ММ-1, «Мақтаарал ауданының ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ-1, «Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мақтаарал» футбол клубы» КММ-1, «Мақтаарал ауданының экономика және қаржы бөлімі» ММ-1, «Мақтаарал ауданының «Жаңажол ауылдық округі әкімі аппараты» ММ-1,«Мақтаарал ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ-1, «Мақтаарал ауданының жер қатынастары бөлімі» ММ-1, «Мақтаарал ауданының «Иіржар ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-1, «Мақтаарал ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Замандастар және

Теп Қоғам» Әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» КММ-1, «Мақтаарал ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Отбасын қолдау орталығы» КММ-1, «Мақтарал ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Мақтаарал мүгедек балаларды оңалту орталығы» КММ-1, «Мақтаарал ауданының «Еңбекші ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-1, «Мақтаарал ауданының «Бірлік ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-1, «Мақтаарал ауданының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ-3, «Мақтаарал ауданы әкімдігі «Мырзакент-Қызмет» КММ-1.

*Аудит барысында қалпына келтірілген, өтелген және көрілген тәртіптік шаралар туралы мәліметтер №1 қосымшада 11 парақта қоса тіркеледі.*

Мемлекеттік аудит нәтижесімен анықталған бұзушылықтарға жол берген «Мақтаарал аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маман-есепшісі Ж.Таласова 08.10.2024 жылы өз өтініші негізінде, Мақтарал аудандық мәслихатының №38 санды Өкімімен жұмыстан босауына байланысты тәртіптік жауапкершіліктің қолданылуы, «Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Тілдерді оқыту және дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапты тұлғаның тәртіптік жаза қолдану мерзімінің (1 жыл) өтіп кетуін ескере келе, тәртіптік жауапкершіліктің қолданылуы нұсқама жіберу барысында назарға алынды (Еңбек кодексінің 66 бабы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы «Мемлекеттік қызмет» туралы №416-V Заңының 45-бабы).

Аудит қорытындысымен Тексеру комиссиясымен бюджет заңнамасында көзделген құжаттардың жобалау-сметалық құжаттама болмауынан, яғни бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау немесе тиімсіз пайдалану бойынша 2 әкімшілік құқық бұзушылық:

1. «Мақтаарал ауданының «Атакент кенті әкімінің аппараты» ММ әкімі С.Азимовқа «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 234-1 бабына сәйкес әкімшілік бұзушылық туралы хаттама толтырылып, 21.04.2026 жылы №6111100120154 төлем түбіртегімен 216250 теңге бюджетке өндірілді.

2. «Мақтаарал ауданының «Нұрлыбаев ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ әкімі Н.Сұлтановқа «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 234-1 бабына сәйкес әкімшілік бұзушылық туралы хаттама толтырылып, 16.04.2026 жылы №610602638089 төлем түбіртегімен 216250 теңге бюджетке өндірілді.

25 әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар материалдар жолданды:

*Оның ішінде: (13 әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар материалдар Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне;*

*12 әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар материалдар Түркістан облысы бойынша Түркістан облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасына;*

Нәтижесінде бүгінгі таңға 22 әкімшілік құқық бұзушылық материал бойынша 7741,8 мың теңге теңге айыппұл салынды.

1.«Мақтаарал ауданы әкімінің аппараты» ММ-не әкімшілік іс жүргізуді қозғау үшін Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне 2025 жылғы 07 сәуірдегі №42-07/714 шығыс хатымен жолданып, нәтижесінде 216 250 теңге айыппұл салынды.

2.«Мақтаарал ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ-не әкімшілік іс жүргізуді қозғау үшін Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне 2026 жылғы 07 сәуірдегі №42-07/715 шығыс хатымен жолданып, нәтижесінде 216 250 теңге айыппұл салынды.

3.«Мақтаарал ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Мақтаарал мүгедек балаларды оңалту орталығы» КММ-не әкімшілік іс жүргізуді қозғау үшін Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне 2026 жылғы 07 сәуірдегі №42-07/716 шығыс хатымен жолданып, нәтижесінде айыппұл салу қысқартылған.

4.«Мақтаарал ауданының ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ-не әкімшілік іс жүргізуді қозғау үшін Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне 2026 жылғы 07 сәуірдегі №42-07/723 шығыс хатымен жолданып, нәтижесінде 216 250 теңге айыппұл салынды.

5.«Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мақтаарал мәдениет үйі» МКҚК-на әкімшілік іс жүргізуді қозғау үшін Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне 2026 жылғы 07 сәуірдегі №42-07/722 шығыс хатымен жолданып, нәтижесінде 216 250 теңге айыппұл салынды.

6.«Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мырзакент спорт клубы» КММ-не әкімшілік іс жүргізуді қозғау үшін Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне 2025 жылғы 07 сәуірдегі №42-07/724 шығыс хатымен жолданып, нәтижесінде 216 250 мың теңге айыппұл салынды.

7.«Мақтаарал ауданының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ-не әкімшілік іс жүргізуді қозғау үшін Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне 2026 жылғы 07 сәуірдегі №42-07/719, №42-07/720, №42-07/717 шығыс хаттарымен жолданып, нәтижесінде 648750 теңге айыппұл салынды.

8.«Мақтаарал ауданы әкімдігі «Мырзакент-Қызмет» КММ-не әкімшілік іс жүргізуді қозғау үшін Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне 2026 жылғы 07 сәуірдегі №42-07/718, шығыс хатымен жолданып, нәтижесінде 216 250 мың теңге айыппұл салынды.

9. «Мақтаарал ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» ММ-нің басшысына сәулет-құрылыс қызметі саласындағы мемлекеттік нормативтердің талаптарын бұза отырып, объектілер мен кешендерді қабылдаудың және пайдалануға берудің белгіленген тәртібін бұзғаны үшін әкімшілік іс жүргізуді қозғау үшін Түркістан облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасына 2025 жылғы 22 сәуірдегі №42-07/906,

№42-07/915, №42-07/921 шығыс хаттарымен жолданып, нәтижесінде 648750 теңге айыппұл салынды.

10. «Мақтаарал ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» ММ-нің құрылыс нысандары бойынша мердігер «Нүрі-Л-Жетісай» ЖШС-не әкімшілік іс жүргізуді қозғау үшін Түркістан облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасына 2025 жылғы 22 сәуірдегі №42-07/917, шығыс хатымен жолданып, нәтижесінде 951500 мың теңге айыппұл салынды.

11. «Мақтаарал ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» ММ-нің құрылыс нысандары бойынша Техникалық қадағалаушы «AveNiu» ЖШС –не әкімшілік іс жүргізуді қозғау үшін Түркістан облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасына 2025 жылғы 22 сәуірдегі №42-07/919 шығыс хатымен жолданып, нәтижесінде 519000 теңге айыппұл салынды.

12. «Мақтаарал ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» ММ-нің құрылыс нысандары бойынша Техникалық қадағалаушы «Нұр&М Құрылыс» ЖШС -не әкімшілік іс жүргізуді қозғау үшін Түркістан облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасына 2025 жылғы 22 сәуірдегі №42-07/918 шығыс хаттарымен жолданып, нәтижесінде 519000 теңге айыппұл салынды.

13. «Мақтаарал ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» ММ-не әкімшілік іс жүргізуді қозғау үшін Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне 2026 жылғы 21 сәуірдегі №42-07/901, №42-07/902, №42-07/903 шығыс хаттарымен жолданып, нәтижесінде 648 750 теңге айыппұл салынды.

14. «Мақтаарал ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» ММ-нің құрылыс нысандары бойынша авторлық қадағалау қызметін көрстеу қызметіне «УЛМАД» ЖШС-не, «ВИБОстрой» ЖШС-не, әкімшілік іс жүргізуді қозғау үшін Түркістан облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасына 2025 жылғы 22 сәуірдегі №42-07/905, №42-07/916, шығыс хаттарымен нәтижесінде 1 038 000 теңге айыппұл салынды.

15. «Мақтаарал ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» ММ-нің құрылыс нысандары бойынша мердігер «SCS -ИНЖИНИРИНГ» ЖШС-не әкімшілік іс жүргізуді қозғау үшін Түркістан облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасына 2025 жылғы 22 сәуірдегі №42-07/907, шығыс хатымен жолданып, нәтижесінде 951 500 теңге айыппұл салынды.

16. «Мақтаарал ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» ММ-нің құрылыс нысандары бойынша Техникалық қадағалаушы «RoyalCompanу» ЖШС-не әкімшілік іс жүргізуді қозғау үшін Түркістан облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасына 2025 жылғы 22 сәуірдегі №42-07/914 шығыс хатымен жолданып, нәтижесінде 519 000 теңге айыппұл салынды.

*Әкімшілік құқық бұзушылық материалдар бойынша мәліметтер №2 қосымшада 7 парақта қоса тіркеледі.*

2 әкімшілік құқық бұзушылық материал бойынша өндірісте.

1. «Мақтаарал ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» ММ-нің құрылыс нысандары бойынша авторлық қадағалау қызметін көрстеу қызметіне «Сантех-Строй Проект» ЖШС-не әкімшілік іс жүргізуді қозғау үшін Түркістан облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасына 2025 жылғы 22 сәуірдегі, №42-07/922 шығыс хатымен;

2. «Мақтаарал ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» ММ-нің құрылыс нысандары бойынша мердігер «ГрадСтройСервис» ЖШС-не әкімшілік іс жүргізуді қозғау үшін Түркістан облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасына 2025 жылғы 22 сәуірдегі №42-07/920 шығыс хатымен жолданған.

### **3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар**

**Мемлекеттік аудиттің көрсеткіші:** *Тиімділік – жоспарланған және алынған нәтижелердің оларға қол жеткізу үшін пайдаланылған ресурстар ескерілгендегі арақатынасы.*

Жүргізілген аудит нәтижелері көрсеткендей аудит объектілерінің өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі әсері барын көрсетті. Дегенмен, аудит барысында бірқатар бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталды.

Бухгалтерлік есеп дара кәсіпкерлер мен ұйымдардың операциялары мен оқиғалары туралы ақпаратты жинаудың, тіркеудің және қорытудың Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасымен, сондай-ақ есеп саясатымен регламенттелген тәртіпке келтірілген жүйесін білдіреді. Есеп саясаты Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына, халықаралық немесе ұлттық стандарттарға, шағын және орта бизнеске арналған халықаралық стандартқа және бухгалтерлік есеп шоттарының үлгі жоспарына сәйкес, олардың қажеттіліктері мен қызмет ерекшеліктері негізге алына отырып, бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау үшін дара кәсіпкер немесе ұйым қолдануға қабылдаған нақты принциптерді, негіздерді, ережелерді, тәртіп пен практиканы білдіреді.

Аудит нәтижесімен мекемелерде іссапарға жіберілген қызметкердің іссапар шығындарын төлеу қағидаларының сақталмауы және аудитпен қамтылған кезеңдерде аудит объектілері қызметкерлерінің жалақысынан артық қаржыларды есеп-шоттарына аудару арқылы негізсіз иемденіп алулары, бухгалтерлік есепті жүргізу және бюджеттік, қаржылық есептілікті жасау кезінде дебиторлық, кредиторлық берешектердің орын алуы, бухгалтерлік есеп жазбаларында анықталған қателерді түзету операциялары негізсіз жасау, түгендеу жұмыстары жүргізілмеу салдарынан активтердің мекеменің балансына алынбау фактілері анықталды.

Бұдан бөлек бюджеттік бағдарлама әкімшілері бюджеттік бағдарламаларды бекіту және қайта бекіту кезінде өз мақсатына қол жеткізілуін айқындайтын тікелей және түпкілікті нәтиже көрсеткіштерін сапасыз әзірленуі салдарынан бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлануына әкеп соққан.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 06 қарашадағы №72 бұйрығымен бекітілген Ауылдық елді

мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну қағидаларына *(бұдан әрі - Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну қағидалары)* сәйкес, ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген мамандарға теңгемен он бес (15) жылға дейінгі мерзімге 0,01 % мөлшеріндегі жылдық сыйақы мөлшерлемесі бойынша тұрғын үй сатып алуы немесе салуы үшін кейіннен ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне бере отырып, кредиттік шарттар жасасу арқылы беріледі.

Сонымен бірге бюджеттік кредиттер өз кезегінде - Бюджет кодексі, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» №148 Заңы және Бюджеттің атқарылуы және оған қасалық қызмет көрсету ережесі басшылыққа алынып, жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке кредит беру, пайдалану, оған қызмет көрсету және өтеу бойынша тараптар арасындағы қарым-қатынастарды көздей отырып, облыстық бюджеттен аудандық бюджетке мамандарды қолдау шараларын ұйымдастыру үшін қайтарымды негізде берілген.

Бұл орайда, мамандар тарапынан алынған кредит сомаларының уақтылы төлем жасамауы (қайтармауы) жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджеттен алынған бюджеттік кредиттерді өз уақытында, тиісінше қайтаруына кедергі тудыруы мүмкін.

Яғни, бюджеттік кредиттерді үлестіру, оны төлемге сәйкес мамандардан өтеу және жоғары тұрған бюджетке қайтару – тұтас бір жүйені қалыптастырады.

Аталған рәсімдерді (кредиттерді қайтару) тиісінше орындамау өз кезегінде Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес тиісті жауаптылыққа тарту көзделген.

Аудит барысында бюджеттік кредиттер бойынша қалыптасқан берешектер келісім шарттың кестесіне сәйкес мамандар тарапынан тиісті төлемдер жасалмағаны анықталды.

Бұл орайда, жергілікті уәкілетті орган тарапынан берілген кредиттерді уақтылы өтеуін, мамандармен жасалған келісім шарт талаптарының орындалуын қамтамасыз етпей немесе талап етпей, тиісті шаралар қабылданбаған.

Аталған мәселе аясында бюджет қаражатын тиімді, жүйелі түрде атқарудың басты шарттарының бірі - мамандарға берілген бюджеттік кредиттердің өз уақытында төлем жасауын қадағалау, оған мониторинг жасау, тиісті шаралар қабылдау.

Қорытындылай келгенде, аудит объектілерінде анықталған кемшіліктер мен бұзушылықтарға жол берудің негізгі себептері Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтамауынан және мемлекеттік аудит объектісінің қызметін регламенттейтін құжаттардағы кемшіліктерден, сондай-ақ бюджет қаражатын жұмсаудың негізділігі мен заңдылығы бөлігінде басшылық тарапынан бақылаудың өз деңгейінде болмауынан орын алған.

Мекемелерде нормативтік-құқықтық актілерді зерделеуді тұрақты негізде енгізу, қолданыстағы заңнамаға сәйкес бюджет қаражатын тиімді пайдалану жөніндегі жұмыстарды жалғастыру қажет.

### **3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар**

1. **«Мақтаарал ауданы бойынша жергілікті атқарушы органдары қызметінің және аудан бюджетінің жоспарлануымен атқарылу тиімділігінің мемлекеттік аудиті»** аудиторлық іс-шарасы бойынша мемлекеттік аудиттің қорытынды материалдары Тексеру комиссиясының отырысында қаралсын.

2. Мақтаарал ауданы әкімдігі мен аудандық мәслихат аппаратына аудиторлық қорытындыдан үзінді ақпарат жолдансын.

3. Жалпы, аудиторлық іс-шараның негізгі кезеңінде қаржылық бұзушылықтар бойынша 14 488 261,8 мың теңгенің қалпына келтірілгені, 55 238,4 мың теңгенің өтелгені және аудит объектілері бойынша 27 жауапты лауазымды тұлғаларға тәртіптік шара қолданылғаны, сондай-ақ Аудиторлық іс-шараның қорытындысы бойынша 2 әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар материалдар Түркістан облысы бойынша Тексеру комиссиясымен хаттама толтырылып, нәтижесінде 432,5 мың теңге айыппұл салынғаны;

25 әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар материалдар жолданып, нәтижесінде **7741,8 мың теңге** айыппұл салынғаны. *(Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінен 1-әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар материал қысқартылғаны)* назарға алынсын.

### **3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне:**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 12.05.2025 жылғы №223 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу Қағидаларының 30-тармақтың қазақша нұсқанысымен орысша нұсқасын сәйкестендіру ұсынылсын.

**4. Мемлекеттік аудит жүргізу барысында анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою үшін аудит объектісіне нұсқама жолдансын.**

«Мақтаарал ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне:

1) 2026 жылдың 30 маусымға дейін аудит барысында анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерге жол берген жауапты тұлғалардың тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

2) 2026 жылдың 30 қыркүйегіне дейін қалпына келтіруге жататын 33 646,4 мың теңге қаржыны қалпына келтіру шаралары қабылдансын *(аудиторлық есептің 3 -тармақ);*

«Мақтаарал ауданының «Атакент кенті әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне:

1) 2026 жылдың 30 маусымға дейін аудит барысында анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерге жол берген жауапты тұлғалардың тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

«Мақтаарал ауданының «А.Қалыбеков ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесіне:

1) 2026 жылдың 30 маусымға дейін аудит барысында анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерге жол берген жауапты тұлғалардың тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

«Мақтаарал ауданының «Достық ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне:

1) 2026 жылдың 30 маусымға дейін аудит барысында анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерге жол берген жауапты тұлғалардың тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

«Мақтаарал ауданының «Мақтаарал ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне:

1) 2026 жылдың 30 маусымға дейін аудит барысында анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерге жол берген жауапты тұлғалардың тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

2) 2026 жылдың 30 қыркүйегіне дейін өтелуге жататын 2290,1 мың теңге қаржыны бюджетке өтеу шаралары қабылдансын (*аудиторлық есептің 1-тармағы*);

«Мақтаарал ауданының «Мырзакент кенті әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне:

1) 2026 жылдың 30 маусымға дейін аудит барысында анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерге жол берген жауапты тұлғалардың тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

«Мақтаарал ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесіне:

1) 2026 жылдың 30 маусымға дейін аудит барысында анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерге жол берген жауапты тұлғалардың тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

2) 2026 жылдың 30 қыркүйегіне дейін қалпына келтіруге жататын 28664,3 мың теңге қаржыны қалпына келтіру шаралары қабылдансын (*аудиторлық есептің 4,5,6-тармақтары*);

«Мақтаарал ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне:

1) 2026 жылдың 30 қыркүйегіне дейін қалпына келтіруге жататын 183,1 мың теңге қаржыны қалпына келтіру шаралары қабылдансын (*аудиторлық есептің 6-тармағы*);

«Мақтаарал ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне:

1) 2024-2025-2026 жылдардағы несие берілген мамандардың тізілімін жасап, сот арқылы өндіру жұмыстары жүргізіліп, 2026 жылдың 30 қазанына

дейін өтелуге жататын 7407,5 мың теңге қаржыны бюджетке өтеу шаралары қабылдансын (аудиторлық есептің 13,14,15-тармақтары);

«Мақтаарал ауданының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесіне:

1) 2026 жылдың 30 қыркүйегіне дейін қалпына келтіруге жататын 11,3 мың теңге қаржыны қалпына келтіру шаралары қабылдансын (аудиторлық есептің 1,2-тармақтары);

2) 2026 жылдың 30 қыркүйегіне дейін өтелуге жататын 48,5 мың теңге қаржыны бюджетке өтеу шаралары қабылдансын (аудиторлық есептің 1,2-тармақтары);

«Мақтаарал ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесіне:

1) 2026 жылдың 30 маусымға дейін аудит барысында анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерге жол берген жауапты тұлғалардың тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

2) 2026 жылдың 30 қыркүйегіне дейін қалпына келтіруге жататын 108 596,3 мың теңге қаржыны қалпына келтіру шаралары қабылдансын (аудиторлық есептің 11,18,21-тармақтары);

3) 2026 жылдың 30 қыркүйекке дейін өтелуге жататын 86335,5 мың теңге қаржыны бюджетке өтеу шаралары қабылдансын (аудиторлық есептің 11,21-тармақтары);

«Мақтаарал ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Мейірім-Шапағат» күндіз болу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне:

1) 2026 жылдың 30 маусымға дейін аудит барысында анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерге жол берген жауапты тұлғалардың тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

«Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мақтаарал аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне:

2026 жылдың 30 қыркүйегіне дейін өтелуге жататын 75,8 мың теңге қаржыны бюджетке өтеу шаралары қабылдансын (аудиторлық есептің 4-тармағы);

## **6. Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі У.Сейсенбаев:**

1) тиісті органдарға нұсқама мен ұсынымдардың жолдануын қамтамасыз етсін.

### **3.4. Қосымша:**

1) Аудиторлық іс-шара барысында анықталған жүйелі кемшіліктердің жиынтық кестесі;

2) Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі;

3) «Мақтаарал ауданы бойынша жергілікті атқарушы органдары қызметінің және аудан бюджетінің жоспарлануымен атқарылу тиімділігінің мемлекеттік аудиті» мемлекеттік аудиттің қорытындысы бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар тізбесі 9 парақта *(№3-1 қосымша)*;

4) Мемлекеттік аудит барысында қалпына келтірілген, өтелген қаржылар туралы, сондай-ақ көрілген тәртіптік шаралар туралы мәліметтер 11 парақта *(аудиторлық қорытындыға №1 қосымша)*;

5) Аудиторлық іс-шараның қорытындысымен әкімшілік іс жүргізуді қозғау үшін уәкілетті органдарға жолданған материалдар туралы, сондай-ақ уәкілетті органдармен қабылданған шаралар бойынша мәліметтер 7 парақта *(аудиторлық қорытындыға №2 қосымша)*.